

**ТУРИСТЕРГЕ ТАРТЫМДЫ МА?**

4-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**ТЕҢДЕССІЗ ШАЙЫР**

9-БЕТ | ЗЕРДЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ТАҒЫ БІР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ – КӘСІПКЕРЛІКТІҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ. БИЛІК ПЕН БИЗНЕСТІҢ АРАСЫНДА СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ БОЛУЫ ҚАЖЕТ. ҚАЗІРГІ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ КЕМШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРЕТІНІ, КЕЙДЕ АСЫРА СІЛТЕЙТІНІ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. СОНДЫҚТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ КЕЙБІР ЗАҢ БҰЗУ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚЫЛМЫС САНАТЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРУ ҚАЖЕТ. БҰЛ ЖЕРДЕ СӨЗ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРІС ӘРЕКЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ІСТЕР ТУРАЛЫ БОЛЫП ОТЫР. САЛЫҚ САЛАСЫНДА ЗАҢ БҰЗҒАНДАРДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУҒА НЕГІЗ БОЛАТЫН ШЕКТІ АНЫҚТАЙТЫН ӘДІЛ МЕХАНИЗМ ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ.


№139 (4572)
Бейсенбі
23 қараша 2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ


ОТБАСЫ БАНК

## ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАЙЫ – БІР ОРТАЛЫҚТА

Мәжілісте тұрғын үй саясатын реформалаудың мәселелері бойынша енгізілген түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды.

Түзетулер бойынша елімізде «Отбасы банк» базасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы құрылады. Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатымен әзірленді.

«Отбасы банк» азаматтарды есепке қою, тұрғын үйді бөлу және беру функцияларын орталықтандырылған түрде жүзеге асыратын ұлттық даму институтына айналады және екінші деңгейлі банктер жүйесі мен депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығарылады. Бірақ бірқатар мәселе бойынша бақылау мен қадағалау уәкілетті органдарда қалады, ал онда орналастырылған депозиттердің сақталуына мемлекет кепілдік береді. Банк базасында Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы құрылады. Оған жекелеген санаттардағы мүшелігіне қарамастан тұрғын үйге мұқтаж барлық азамат тіркеле алады. Бұл «бір терезе» қағидатын қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар енді мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару кезінде қайтыс болған адамдардың отбасыларына тиісті әкімдіктер бір жылдан кешіктірілмей тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті болады.

## ОНЛАЙН-САБАҚТАР – ТЕГІН

Ұлттық тестілеу орталығы еліміздің білім беру ортаРлықтарымен бірлесіп, ҰБТ-ға дайындалуға арналған тегін онлайн-сабақтарды бастады.

Сабақтар білім беру орталығының YouTube арналарында және Instagram парақшаларында тікелей эфирде өткізіледі. Онлайн сабақтардың барлық эфирі талапкерлер кез келген уақытта көре алуы үшін сақталады. 20-дан астам орталық сабақ беретін болады. Жоба бюджет қаражатын жұмсамай іске асырылады. Осылайша, Ұлттық тестілеу орталығы мен ірі білім беру орталықтары түлектерге емтиханға сәтті дайындалуға көмектеседі. Талапкерлерге арналған онлайн-сабақтар осы оқу жылының соңына дейін жалғасады.

Сонымен қатар, Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ-ға дайындық үшін онлайн тестілеуді іске қосты. Байқау сынағын өткізу технологиясы негізгі ҰБТ технологиясына сәйкес келеді.



3

# ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы еліміздегі жалпы білім беру жүйесін жетілдіруге, оның ішінде мектеп оқушыларының білім сапасын арттыруға айрықша маңыз беріп, өз Жолдауында осы бағыттағы нақты міндеттерді айқындап берді. Білім беру жүйесін дамыту бойынша елордада дарынды балалар мен талантты жастарды қолдауда нәтижелі жұмыстар атқарылып отыр. Соның бір айғағы астаналық оқушылар командасы жыл сайын пәндер бойынша өтетін республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында көш басынан көрініп келеді.



**Мексикада ауыр атлетикадан өтіп жатқан жастар арасындағы әлем чемпионатында елордалық Едіге Емберді чемпион атанды.**

Қазақстан құрамасына алғашқы алтын жүлдені әкелген Едіге Емберді 81 келіге дейінгі салмақта 336 (145+191) келіні көтерді. Ол жұлқа көтеруде 9-орында болғанымен, серпе көтеруде керемет нәтиже көрсетіп, қоссайыс қорытындысында алтын медаль жеңіп алды.



**Кеше түске қарай Астанада ауа райы күрт өзгеріп, жаңбыр жауып, жел күшейіп, көктайғақ білінді.**

«Қазгидромет» 23-24 қарашада елордада көктайғақ пен желдің екпіні 15-20 м/с, ал кейде 23-28 м/с болады деп болжап отыр.

Ауа райының күрт өзгеруіне орай Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарынан жазатайым оқиғалар болмас үшін көшеде жүргенде өте мұқият және сақ болуды сұрайды.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

№139 (4572) 23/11/2023 Бейсенбі



# ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Мемлекет басшысына Қазақстандағы криминогендік жағдай туралы баяндалды.

Ержан Сәденов елімізде жасалатын қылмыстар санының төмендеу динамикасы сақталып отырғанын, кісі өлтіру 20 пайызға, ұрлық 28 пайызға, қарақшылық 32 пайызға азайғанын айтты. Сонымен қатар тонау, бұзақылық, мал ұрлығы, денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактілері, сондай-ақ басқа да қылмыс түрлері төмендегенін баяндады.

Президентке құқық бұзушылыққа мүлде төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, заңға қайшы әрекеттер мен қылмыс жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығын іске асыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары туралы мәлімет берілді. Бүгінде 8 миллион 500 мың заңға қайшы әрекет анықталған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 миллионға көп. Жасалған құқық бұзушылықтар үшін 90 миллиард теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды, 71 миллиард теңге өндіріп алынды.

Кездесуде ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіру, соның ішінде ІІО қызметкерлерін аттестациядан өткізіп, ведомствоны лайықсыз мамандардан тазарту шаралары туралы баяндалды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және Тәртіп» қағидатын қамтамасыз ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы қоғамда әділдік пен тәртіп орнату үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелгенін айтты.

# АЙМАҚТАРДЫҢ АХУАЛЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қалалық мәслихаттың депутаттары желтоқсан айында өтетін кезекті сессияға дайындық аясында Есіл және Нұра аудандарының тұрғын алаптарына барып, ондағы нысандарды аралады.

Көшпелі отырыс барысында қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне – жолдарға, коммуникацияларға, абаттандыруға және басқа да басым бағыттарға ерекше назар аударылғанын айтты.

– Кезекті сессияға дайындық аясында елорданың екі ауданын – Есіл және Нұра аудандарындағы тұрғын алаптарға бардық. Көшпелі отырыс барысында екі мәселе белгіленді. Олардың біріншісі – «Тельман» тұрғын алабын орталық кәрізге қосу. Осыған орай Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы бұл мәселені шешуді алдағы 2024-2025 жылдарға жоспарлап отыр. Екінші маңызды мәселе – «Пригородный» тұрғын алабындағы проблемалар. Бұл аймақтағы мәселелер тізбесінде Арнасай көшесі, 111 және Арнасай көшесі, 114 мекенжайлары бойынша екі жатақхананы бұзу орын алды. Екі ғимарат та 2022 жылы апатты деп танылды және 2024 жылы Арнасай көшесіндегі №114 үй, ал 2025 жылы осы көшедегі №111 үйді бұзу жоспарланған, – деді Ерлан Каналимов.



# СПЕКА САММИТІНЕ ҚАТЫСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 23 қарашада Минск қаласында өтетін ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысады.

Ал 24 қараша күні Мемлекет басшысы БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) саммитіне қатысу үшін Бакуге жұмыс сапарымен барады.

# ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті.

Жиында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру және лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі Жол картасының жобасын әзірлеу мәселесі талқыланды.

Мемлекеттік кеңесші нашақорлық пен лудоманияға қарсы күресу және осы індеттің алдын алу елімізде заң мен тәртіп қағидаттарын түбегейлі орнықтыруға қатысты жұмыстың маңызды бағыты екеніне тоқталды. Кеңес мүшелері осы маңызды іске белсенді азаматтардың барынша атсалысуы кез келген құқықбұзушылыққа еш төзбейтін қоғам қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті.

Сондай-ақ кеңес отырысында жыл сайын әзірленетін «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасының жобасы талқыланды. Баяндамада әдеттегідей демография, денсаулық, білім және ғылым, азаматтардың экономикалық іс-әрекеттері және азаматтық-саяси үдерістерге қатысуы сияқты маңызды әлеуметтік өлшемдер қамтылған.

Кездесу соңында Ерлан Қарин бүгінде жүзеге асырылып жатқан реформалар, ең алдымен, жастарға арналатынын және жастарымыз елдегі өзгерістердің негізгі қозғаушы күші саналатынын атап өтті. Мемлекеттік кеңесші Кеңес мүшелерін Қазақстан жастарына қатысты қордаланған мәселелерді тиімді шешу үшін әрдайым белсенді болуға шақырды.

# ЖАЛАҚЫ МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСЕ МЕ?

Ел Үкіметі «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасында 2024 жылға арналған жаңа ең төменгі жалақыны, зейнетақыны, айлық есептік көрсеткіштерді және төлемдер мен өсімпұлдарды есептеуге қажетті басқа да көрсеткіштерді белгіледі.

**Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Қазіргі кезде осы заң жобасы Сенаттың қарауында. Сайып келгенде, Парламент заң жобасын түтастай мақұлдап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қол қоюға жіберсе, жаңа жылдан бастап жалақы, зейнетақы, төлемдер мен айыппұлдар өзгереді.

Заң жобасындағы ұсыныс бойынша еліміздегі ең төменгі жалақы 85 мың теңге болады, яғни 15 мың теңгеге өседі. Бұл жұмыс берушілер жұмысшыларға ең төменгі жалақыдан төмен емес деңгейде жалақы беруге міндетті дегенді білдіреді. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215 теңгені құрайды (өсім 3874 теңге). Бірлескен зейнетақының ең төменгі мөлшері 57 853 теңгеге өседі (өсім 4777 теңге). Айлық есептік көрсеткіш 242 теңгеге артып, 3692 теңге болмақ.

Сонымен қатар айыппұлдар, өсімпұлдар, салықтар және басқа да төлемдер, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы келісімдер бойынша есеп айырысулар да ұлғаяды.

Мысалы, бала туылғанда берілетін жәрдемақы мөлшері (1, 2 және 3 бала үшін) – 38 АЕК 2023 жылы 131 100 теңге болса, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 140 296 теңгеге көбейеді. Төртінші және одан да көп балаға – 63 АЕК 2023 жылы 217 350 теңге болса, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 232 596 теңгеге ұлғаяды. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін өмір сүру минимумы 43 407 теңгені (өсім 2 840 теңге) құрайды. Өмір сүру құны мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшеріне де әсер етеді.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Әлихан СМАЙЫЛОВ, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі:

**Тұрғындар тарапынан «Қазақстан темір жолының» қызметіне қатысты көптеген шағым келіп түсіп жатыр. Пойыздардың үнемі кешігіп келуі, сервистің нашарлығы, ескірген вагондар – мұның барлығы қалыпты жағдайға айналып барады. Ал бизнес болса вагондардың уақытында берілмеуін, ұзыннан-ұзақ келісу рәсімдерін айтып шағымдануда. Бұл бүкіл экономиканың дамуына кері ықпал етеді.**

(21.11.2023. Үкімет отырысында айтқан сөзі)

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

*Брюссельде өткен «Шикізат алталығы» аясында, Қазақстан мен Люксембург компаниялары өзара стратегиялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі меморандумға қол қойды.*

Бұл құжат, Қазақстанда құрылыс және өнеркәсіп салаларындағы инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыруды көздейді. Еуропалық тәжірибеге негізделген екіжақты ынтымақтастық тұрғын үй құрылысында жаңа технологияларды қолдану арқылы энергия тиімділігін арттыруға бағытталмақ.



*Қазақстан мен Қытай арасындағы шағын өткізу пункттерінде жұмыс жандана бастады.*

Қатынас жеңілдеп, барыс-келіс біртіндеп артып келеді. Бұған әсіресе шекараның екі жағында қалған қандастар ерекше қуанып жүр. Визалық шектеуден жылдар бойы туған-туысын көрмеген олар, жаңа келісімнің арқасында бір-бірімен қауышуға мүмкіндік алды. Жалпы Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономдық ауданындағы Дулата құрлық порты Қорғасқа қарағанда аса танымал емес.



*Бейбарыс сұлтанның туғанына 800 жыл толуына орай Анкарада «Түркілердің алтын дәуірі: Сұлтан Бейбарыстың өмір сүрген кезеңі» деген атаумен халықаралық конференция ұйымдастырылды.*

Оған Қазақстан мен Түркияның ғалымдары қатысып, даңқты қолбасшының тарихтағы рөлін зерделеді. Түркіге ортақ тұлғаның мерейтойы еліміз бен алыс-жақын шет елдерде кеңінен атап өтіліп жатыр. Өзі билік құрған Каир қаласында Сұлтан әз-Захир Бейбарыс мешіті күрделі жөндеуден өтті.

№139 (4572) 23/11/2023 Бейсенбі

# АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек «Аманат» партиясы елордалық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесіне азаматтардан түскен өтініштер бойынша қабылдау өткізді.



Қабылдауда денсаулық сақтау, ескірген үйлерді бұзу, аудандарды абаттандыру, электрмен жабдықтау, тұрғын үй алу және Астананы дамыту мәселелері талқыланды. Әкімнің қабылдауында болған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Телерадио және қоғаммен байланыс» кафедрасының меңгерушісі, ақын Серікзат Дүйсенғазы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының жекеге сатылып кеткен автотұрағы туралы мәселені қозғады.

– Ауласыз қалған сарайдың мүшкіл халі ойымнан шықпай қойды. Сөйтсем, ол жерді осыдан он жыл бұрын ескі Қазақстан кезіндегі әкімдік сатып жіберіпті. Содан бері ол жердің иесі қайда жүрген деймін де?! Меншік иесінің он жылдан кейін Астананың қақ ортасында жері бар екені есіне түсіп, балалардың игілігі болып тұрған тегін автотұрақты шлагбаум қойып жауып тастаған. Ол автотұрақты Оқушылар сарайына арнап құрылысшылар салған жоқ па? Біреудің жекеменшік жеріне рұқсатсыз қалай салған оны? Иесі айға қарап отырған ба? Түсініксіз жағдайлар әйтеуір. Енді ол жерге иесі кинотеатр салмақ көрінеді. Сонда үш жыл ештеңе салмаса бос жатқан жерді тартып алатын Үкіметтің заңы қайда қалды? Әлде ол заң тек кедей-кепшік үшін бе? Қысқасы, әбден былыққан екенбіз. Енді автотұрақтың иесі әкімдік ол жерді қайтадан сатып алсын деп шалқайып отырған көрінеді, – деді С.Дүйсенғазы.

Ата-аналардың наразылығын тудырған мәселеге қатысты Жеңіс Қасымбек жерді Оқушылар сарайына қайтарудың заңды жолдарын қарастырамыз деп уәде берді. Сондай-ақ ақын қала әкіміне «Мирас» қоғамдық кеңесінде, Еуразия ұлттық университетінде атқарып жатқан қоғамдық жұмыстары туралы баяндады. Келешек ұрпақтың қамы туралы айта отырып, ол студенттер мен мектеп оқушыларының айтыс, жыр-терме сайыстарын ұйымдастыруға әкімдік тарапынан қолдау білдіруін сұрады. Бұл ретте қала басшысы қазіргі жастарды ата дәстүрімен тәрбиелеу туралы оқытушының ойларын құптады.

Одан әрі Салтанат Базарбайқызы «Самғау Групп» ЖШС компаниясынан үлестік қатысу арқылы жылжымайтын мүлікті сатып алғанын, бүгінгі күні үй әлі пайдалануға берілмегенін айтты. Әкім тиісті қызметтерге құрылыс салушымен кездесу өткізуді және құрылыс жұмыстарының кестесін ұсына отырып, компанияның барлық құжаттарын тексеруді тапсырды.

«Железнодорожный» тұрғын алабының белсенді тұрғыны Вероника Васильевна электр қуатының жиі өшуіне байланысты алаңдаушылық білдірді. Әкімдік пен электрмен қамтамасыз ету қызметтері іс-шаралар өткізеді, сондай-ақ желілер «Астана-АЭК» АҚ балансына берілетін болады. Барлық ақауларды жоюға жедел ден қою жөнінде қажетті шаралар қабылданатын болады. Психолог Мақпал Серікқызы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде педагог-психологтарға қосымша ақы төлеу қаулысын әзірлеу туралы мәселені көтерсе, Тұрымтай Үсенқызы Байқоңыр ауданындағы әл-Фараби даңғылын жөндеуді және абаттандыруды сұрады.

Барлық ұсыныстар мен ескертулерді мұқият тыңдай келе, елорда әкімі азаматтардың өтініштерін орындау үшін қажетті тапсырмалар берді. Жеңіс Қасымбек уәкілетті органдар тұрғындарға жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, инфрақұрылымды жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыратынын жеткізді.

# ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Кеше елордадағы әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурстардың жеңімпаздары марапатталды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



Қалалық Білім басқармасы, сондай-ақ «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы ұйымдастырып өткізген бұл шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мен қалалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысып, бас қаламыздың білім ордаларында оқып жатқан дарынды жастардың талабына демеу, жігеріне жебеу көрсетті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, білім беру жүйесін жетілдіру, білім сапасын өсіру ісіне айрықша назар аударылып келеді. Сіздердің бүгінгі жетістіктеріңіз білім саласына мән берудің бір нәтижесі деп айтуға болады. Қала әкімдігі де Мемлекет басшысының тапсырмасын табысты орындау, сондай-ақ жыл сайын көбейіп келе жатқан қала тұрғындарының қажетін қанағаттандыру үшін бас қалада жыл сайын 10 шақты мектеп салады. Алайда тұрғындар санының тез өсуіне байланысты қаламызда мектеп жетіспеу мәселесі, балалардың екі ауысыммен оқу жағдайы әлі де түбегейлі шешілген жоқ. Сондықтан алдағы уақытта елордамызда 40 білім ордасын салу, ертеректе салынған көне мектептерді жаңалау жоспарланып отыр. Қазірдің өзінде біздің қаладағы барлық мектептерде әлемнің озық оқыту үлгілерін негізге ала отырып, оқушылардың үйренуіне, зерттеу жүргізуіне қажетті барлық жағдайлар жасалған. Бүгін осында марапат алып жатқан жастар біздің мақтаншымыз, еліміздің келешегі үшін жақсы оқып, осындай үздік нәтижелеріңізбен қуанта беріңіздер, – деді қала әкімінің орынбасары.

Елордалық дарынды жастарды қолдау және насихаттау, интеллектуалдық дамыту іс-шараларына қатысу белсенділігін қалыптастыруға жағдай жасау, көшбасшылық, дарындылық, шығармашылық және патриотизмнің табысты үлгілерін насихаттау мақсатында өткен іс-шарада 117 халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының жеңімпазы атанған 71 оқушыға (46 адам мектеп бітіріп кеткен) Астана қаласы әкімінің атынан алғыс хаттар және ақшалай сертификаттар табыс етілді.

Айта кетейік, жыл сайын елордалық оқушылар командасы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарында командалық бірінші орынды иеленіп, «Үздік команда» атанып келеді.

***Өзбекстандағы ең биік ғимарат Nest One құрылысы аяқталды.***

Бүкіл Ташкент көрінетін мейрамхана, люкс пәтерлері мен тұрғындарға арналған 33 қоғамдық аумақтан тұрады. Nest One кешені жеке экожүйе ретінде жобаланған және премиум-класс пәтерлерін, кеңселерді және қаланың керемет көрінісі бар 33 қоғамдық аумақты: дүкендер, мейрамханалар, балалар ойын алаңдары, қысқы бақ, демалыс және спорт алаңдарын қамтиды. Өзбекстандағы бірінші зәулім ғимараттың биіктігі 267 метр және елуден астам қабаты бар.



***Ағылшын ғалымдары 2028 жылы зілді «тірілтуді» ойластыруда.***

Зілдің генін қалпына келтіру үшін мұзда қатқан зіл ДНК-лары мен азиялық пілдердің ДНК-лары қолданылмақ. Зерттеу жұмыстары Азия пілдерінің ДНК-сы зілдікіне 99,6% ұқсас екені анықталыпты. Тағы бір сұрақ талқылануда. Егер жоба сәтті болса, онда зілді қай елдің аумағына жібереміз деген сұрақтың басы ашық тұр. Өйткені Ұлыбритания өз аумағын зіл өсіруге беруге әлі келіспепті.

Астанада 23-24 қарашада Онкологтар мен радиологтар Альянсының «Қазіргі онкология, өзекті мәселелері, жетістіктері мен инновациялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциялары өтеді. Оған қатысу үшін шетелдердің онкология саласындағы жетекші мамандары шақырылды. Соның аясында кеше білікті тәжірибелі мамандардың қатысуымен 5 шеберлік сабағы өткізілді.

# ШЕБЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ



Райхан РАХМЕТОВА

Ауқымды іс-шараны аталған Альянспен қатар Астана қаласы әкімдігінің Көпсалалы медицина орталығы, Онкология орталығы, қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бірлесе ұйымдастырды. Маңызды шараға Қазақстаннан, жақын және алыс шетелдерден, атап айтқанда, АҚШ, Еуропа, Азия, Қазақстан және ТМД елдерінен 550-ден астам онкология саласындағы жетекші мамандар, сәулелік терапия және диагностика мамандары қатысады. Жыл сайын 35 мың қазақстандықтың бойынан қатерлі ісік диагнозы анықталады. 13 мыңнан астам пациент осы дерттен қайтыс болады. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында қатерлі ісіктердің алдын алу мен емдеудің, ерте диагностика мен скринингтің, емдеудің жаңа әдістерін енгізудің аса маңызды мәселелері қаралады.

Конференция басталмас бұрын саланың жетекші мамандарының қатысуымен хирургиялық бағытта өткен шеберлік сабағы «Кеуде және іш қуысының минималды инвазивті хирургиясы» деп аталды. Екінші шеберлік класы Лапароскопиялық гастрэктомия отасы бойынша өтті. Үшіншісі тік ішек ісігін трансанальды эндоскопиялық алып тастауға арналды. Төртінші шеберлік сабағы Olympus техникалық қолдауымен «Заманауи жедел эндоскопия» бойынша жүргізілді. Соңғысы « Live Surgery» лапароскопиялық простатэктомиядан лапароскопиялық ішінара нефрэктомия бойынша болды.

# ЕСІРТКІ ЖАРНАМАЛАРЫН ӨШІРДІ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері «ESIRTKIGE JOL JOQ» және «Bolashaqqa Jol» жобасы аясында елордалық Полиция департаментімен бірге есірткі заттарын жарнамалайтын қаладағы тұрғын үйлер мен ғимараттардың сыртындағы жазуларды бояу акциясын өткізді.

Индира БЕРЖАНОВА

Іс-шара аясында Полиция Департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы және «Alians KGN Qazaqstana» ҚҚ бірлесе отырып, Сарыарқа ауданында есірткі сату туралы мәліметтері бар нысандарды тексерді. Акция барысында еріктілер тиісті мекенжайларды анықтап, синтетикалық есірткіні жарнамалайтын Telegram bot сілтемесі бар жазуларды бояды. Сондай-ақ белсенділер қала тұрғындарына есірткінің зияны туралы ақпараттық буклеттер таратты. Акция диспансерлік есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдардың санын азайтуға бағытталды.

Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Әлия Кибатқызы әсіресе 14 мен 35 жас арасындағы есірткіге үйір жастардың үлесін азайту керектігін атады. Оның айтуынша, есірткі сату жарнамасына қаржы табу мақсатымен жүгінетін жасөспірімдер жиі алданады.

Астана қаласының Полиция департаменті жыл басынан бері заңсыз есірткі жарнамасы бар 60-қа жуық сайтты анықтап, сәйкесінше бұғаттады. Есірткі айналымына қатысты 11 қылмыстық іс қозғалды. Жастар арасында бұл бағытта дәрістер өткізіліп, насихаттау жұмысы жүргізіледі.

Есірткіге қарсы акция 2020 жылдан бері жыл сайын жүргізіліп келеді. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының қызметкері Олжас Хамитовтың сөзінше, қаладағы бес аудан бойынша бұл акция жыл соңына дейін жалғасады. Ал 15 жасар волонтер Зарина Серікова жастар арасында дендеп келе жатқан есірткі айналымы қоғам дертіне айналған дейді. Сондықтан «Астана жастары» есірткі қылмысына қарсы болуға шақырады.









# ТУРИСТЕРГЕ ЕЛОРДА ТАРТЫМДЫ МА?

Астананың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі соңғы жылдардағы өзгерістер туризм саласын шапшаң дамытуға мүмкіндік берді. Туристердің елордамызға деген қызығушылығы осы саланың жақсы көрсеткіштерімен дәлелденді. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында туристер саны 29%-ға артып, бас қалаға 600 мыңнан астам адам келген.

Индира БЕРЖАНОВА

Бас қалаға инвестициялар тарту және елорда туризмін дамыту саласында «Астана даму орталығы» ЖШС жүйелі жұмыс істейді. Елордаға туристердің келуі үшін барлық инфрақұрылымдық мүмкіндік жасалған. Атап айтқанда, Орталық Азияда ең қуатты болып танылған заманауи әуежай, екі теміржол вокзалы мен сапаржай бар. Қаладағы халықаралық әуежайда 29 бағыт бойынша әлемнің 15 еліне тікелей рейстер ашық. Сол арқылы туристерді қабылдаудың негізгі орталығы саналады. Осы жылдың 9 айында ұшақпен қатынаған жолаушылар қатары 28%-ға, ал теміржолда жолаушы ағыны 17%-ға ұлғайды. Туристердің жайлы тұрақтауы үшін қалада әртүрлі категориялы 229 қонақүй бар. Соның ішінде әлемдік бренд саналатын ірі қонақүйлерге сұраныс көп.

### ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН БА?

Елорданың пайдалы инфрақұрылымы туралы айтатын болсақ, қалада құрылған жаяу жүргіншілерге бағдарлаудың бірыңғай жүйесі – негізгі элементтердің бірі. Қала қонақтары мен тұрғындары 105 навигациялық тірек пен 138 белгі арқылы елорда бойынша маршруттарды оңай құрастыра алады және қаланың көрікті жерлері, сондай-ақ қалалық қызметтердің барлық қажетті байланыстары туралы үш тілде ақпарат алады.

Қандай да бір елге барғанда, көптеген турист қызықты маршрут жасауға, қаражат үнемдеуге, баратын жерлері туралы пайдалы мағлұматпен қанығуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшаларды орнатып жатады. Ал Астанада саяхаттауға тиімді мобильді қосымшалардың бірі – izi. TRAVEL. Оған кез келген турист қаланың бірқатар көрікті жерлерінің маңдайшаларында көрсетілген QR кодын пайдаланып кіре алады. Халықаралық платформада орналастырылған 167-ден астам аудиоэкскурсия көпшілікке қолжетімді. Елорданың тарихи-мәдени объектілері туралы ақпарат қосымшада 6 тілде (қазақ, орыс, ағылшын, қытай және түрік) беріледі. Сонымен қатар CityPass туристерге арналған бірыңғай картасы арқылы астананың 11-ден астам нысанына арнайы белгіленген баға бойынша еркін кіруге болады.

Бас шаһарға келген әрбір туристке ыңғайлы болуы үшін қалада туристік ақпараттық дүңгіршектер (Халықаралық әуежай және «Бәйтерек» монументінде) жұмыс істейді. Ақпараттық дүңгіршектерде Z-картаны, «AstanaOfficial Guide» бойынша нұсқаулықты тегін алуға және елорда қонақтарын қызықтыратын көрікті жерлер, іс-шаралар, экскурсиялық маршруттар, ойын-сауық орындары, қонақүйлер туралы барлық қажетті ақпаратты алуға болады.

### ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Қай жағынан алып қарасаңыз да, астананың іскерлік туризмді дамытуға қажетті мүмкіндігі бар. Елорданың ауқымды әлемдік шаралар мен көрмелер өткізетін іскерлік орталық ретіндегі келбеті жыл өткен сайын нығайып, мыңдаған адам Астанаға әртүрлі көрмеге, конференция мен семинарға қатысу үшін, яғни іскерлік мақсатпен келеді. Жаһандық деңгейде «meetings, incentives, conferences, exhibitions» деген ұғымдар бар, бірігіп олар MICE деп аталып, іскерлік туризм бағыты болып танылады.

«Астана даму орталығы» ЖШС – конгрестер мен конференциялардың халықаралық ассоциациясының (ICCA) мүшесі. Халықаралық ұйымдардың іс-шаралары елімізге биддинг арқылы тартылады. Оған қатысу арқылы елордада INQAAHE Conference 2023, THE BIZZ Eurasia2023, 17th Asian Regional Geotechnical Engineering Conference секілді маңызды іс-шаралар өткізілді. Бүгінде туризмнің имиджін қалыптастыруда цифрлы технологиялар, нақтырақ айтсақ, әлеуметтік желілер қарқынды дамып жатыр. Туристердің түрлі агенттіктерге назарын аудартуда әрі медиа арқылы көпшілікті қызықтыруда бұл құрал тиімділігін көрсетіп отыр. «Visit Astana» – туристік бренд. Қазіргі уақытта цифрлық кеңістікте 10 миллионнан астам адамды қамтитын 5 ақпарат арналары қызмет етеді. Олардың қатарына туристерге арналған «Visit Astana» электронды сайты жатады. Сайтта турист өзіне қажетті барлық ақпаратты тауып, сонымен қатар бос уақытын жоспарлай алады.

Сондай-ақ жақында елордада комикстер, кино, бейне ойындар, аниме және заманауи поп-мәдениет индустриясының өкілдері бас қосқан Comic Con Astana 2023 халықаралық фестивалі өтті. Бұл іс-шара 81 мыңнан астам келушілердің, соның ішінде Ресей, Әзербайжан, Корея, Қытай және басқа елдерден келген 3 мыңнан астам шетелдік қонақтарды біріктірді. Олардың басым бөлігі – жастар. Осылайша халықаралық фестиваль елорданың оқиғалы туризмді дамыту саласында нәтиже көрсетті.

Әлемде туризмнің осы түрінен қыруар табыс тауып, ұлттық экономикасын өркендеткен елдер мен қалалар көп. Сондықтан қазірден бастап бас қалада халықаралық авиарейстердің санын арттыру, ірі халықаралық фестивальдер мен жарыстар өткізуді жоспарлау, қаланы туристер үшін тартымды және жайлы ету кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болмақ.

### МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМГЕ МӘН БЕРІЛЕДІ

Елорданың медициналық туризмді дамытуда артықшылығы басым. Бас қалада әлемнің соңғы технологиялық жетістіктерімен жабдықталған медициналық мекеме көп, соның арқасында әсіресе кардио, онкология және нейрохирургиялық көмек көрсету ісі қарқынды дамып келеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда медицинада «алтын стандарт» саналатын JCI (Joint Commission International) Халықаралық аккредитациясын алған 9 емхана бар болса, соның 7-еуі Астана қаласында орналасқан. Мысалы, бас қаламыздағы Республикалық диагностикалық орталық, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Балаларды оңалту ұлттық орталығы, Онкология, трансплантология ұлттық ғылыми орталығы секілді емдеу мекемелеріне медициналық туризмді дамыту бойынша үлкен үміт артылып отыр. Республикалық диагностикалық орталықта Қазақстандағы жалғыз ПЭТ орталық жұмыс істейді. Қазақстандағы ең ірі медициналық зертхана да осында. Ал Балаларды оңалту ұлттық орталығында кешенді түрде медициналық, әлеуметтік және педагогикалық оңалту қызметтері ұсынылады. Астана қаласы мен жалпы Қазақстан үшін медициналық туризм донорлары – ТМД елдері және Қытай мемлекетінің өкілдері.

Медициналық мекемелерде баға саясаты бойынша бәсекеге қабілетті қызметтің алуан түрлілігі ұсынылады, себебі ол әлемдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі.

Медициналық ұйымдарда шетелдік азаматтарға диагностикадан (check-up - ағзаны толық тексеру) бастап, жүрекке, омыртқаға және миға жасалатын операциялар сияқты жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қоса алғанда, күрделі операцияларды жүргізуге дейінгі қызметтер ұсынылады. Бас қалада экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКҰ) қызметіне шетелдіктер тарапынан сұраныстың арта түскені байқалады. Мәселен, 2022 жылы елорданың медициналық ұйымдарына Қырғызстаннан 900-ден астам адам, Өзбекстаннан 254 адам, Ресейден 92 адам, АҚШ, Канада, Қытай, Түркия және т.б. елдерден 41 адам осы ЭКҰ бойынша жүгінді. Цифрлы кеңістікте медициналық туризмді ілгерілету үшін Med-Tourism.kz алғашқы медициналық нұсқаулық сайты іске қосылды. Сондай-ақ Астананың алғашқы медициналық каталогы шығарылып, ол республикадан тыс жерлерде таратылады.

# ӘКІМ МЕН БИЗНЕС ҚАНДАЙ ЫМЫРАҒА КЕЛДІ?

«Ашық микрофон» форматында өткен жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен елордалық кәсіпкерлер кездесті. Бұл басқосуда іскер азаматтар маңызды мәселелерді көтерді. Сондай өзекті қажеттіліктерді ұсынып отырмыз.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

### ОҚУШЫЛАР ТАҒАМЫНЫҢ БАҒАСЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?

«Отандастар» ЖШС директоры Анастасия Захаренкова білім беретін ұйымдарда бір оқушының аз мәзіріне 584 теңге қаралатынын, бұл қаржыға сапалы да құнарлы ыстық тағамды қалай дайындауға болатынын сұрады.

– Инфляция күн сайын өсіп жатыр. Бір балаға құнарлы тағамдармен ас мәзірін дайындайтын болсақ, ол 700 теңгеден асады. Қазір кәсіпкерлер пайда табуды былай қойғанда, шығынға батуда. Біз бір балаға есептелген мектеп тамағының құнын көтеруді сұраймыз, – деді кәсіпкер.

Елорда әкімі қазір бір балаға мектептегі тамақтандыру көлемін арттыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Сіздерге сөз беремін, бір баланың тамақтану құнын шамамен 700 теңгеге жеткіземіз, – деді Жеңіс Қасымбек.

Қазірдің өзінде мектептегі жаңа ас мәзіріне есептеу жүргізілуде. Бірақ әкім бюджеттің шексіз емес екенін ескертті.

– Балабақша мен мектеп салу – маңызды қажеттілік. Қаланы жылумен қамтамасыз ету, сапалы су жеткізу міндеті де тұр. Бірақ бізде бюджет – біреу. Сондықтан мәселенің маңызына қарай кезең-кезеңімен шешеміз, – деді қала әкімі.

Өз кезегінде Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сеңғазиев жаңа ас мәзірі әзірленіп жатқанын, оның алдын ала құны 697 теңге екенін атады.

### АВТОТҰРАҚ ТЕГІН БОЛА МА?

Астана қаласының халық саны өсуімен қатар автокөлік саны артып келеді. Көшелердің автокөлік өткізу қабілеті төмендеп, кептелістер пайда бола бастады. Бәрінен бұрын, автотұрақ мәселесі өзектілігін жоймай тұр. Шаһардағы әлеуметтік нысандар маңындағы автотұрақтар ақылы. Осы мәселені шешуді «Qazproperty» менеджмент және сервистік компаниялар қауымдастығының басшысы Константин Глушко көтерді.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қала тұрғындарына тегін автотұрақтарды қайтаруға уәде берді.

«Тұрақ алаңдарының орындарын қайта қарастырамыз. Әлеуметтік нысандардағы тұрақтар тегін болады» деді қала әкімі.

Ақылы тұрақ орындары қала меншігінде, оларды «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС басқарады. Ақылы тұрақты көлік жүргізушісі пайдаланған жағдайда сағатына 100 теңге төлейді.

Бүгінде Астанада 7 мыңнан астам ақылы автотұрақ бар. Алайда автотұрақтардың сервистік қызметі көлік жүргізушілерінің көңілінен шықпайды. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та ескерткен еді.

– Дамыған елдердің ірі мегаполистерінде көп деңгейлі автотұрақтар салып, ақылы қызмет көрсетеді. Бірақ біздің шенеуніктер ізденбей, бұрыннан жабдықталған автотұрақтарды көк түспен белгілеп, ақша тапқанды жөн көреді. Бұл арада табыстың 75 пайызы жеке серіктестің қалтасына түседі, – деді QazProperty қауымдастығының өкілі.

### ЖЕРГІЛІКТІ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ТАРТУ МАҢЫЗДЫ

Ел макроэкономикасын көтеруде отандық кәсіпкерлерді қолдап, олар өндіретін өнімдерге сұранысты арттыру – маңызды бастаманың бірі. Міне, осы мәселені «Qazaq Stone» ЖШС директоры Дәурен Ағзымов көтерді. Оның сөзінше, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруда отандық тауар өндірушілерді қолдау маңызды екенін айтты. Астанада бірқатар құрылыс өнімдері, жиһаздар, тас, бетон, электр жабдықтары, пластикалық терезелер, кабельдер, құбырлар және тағы басқалар шығарылатынын атап өтті.

Әкім бұл бағытта мердігер компанияларға нақты тапсырма беретінін айтты.

«Қала туризмін дамыту орталығы» бірлестігінің директоры Татьяна Верницкая туризм инфрақұрылымын дамытуда әкімдік туризм бөлімін құрғаны дұрыс екенін айтты.

Бас қаланың басшысы ішкі туризмді дамыту маңызды басымдық екенін атап, құзырлы басқарма бұл бағытта жұмыс істеп жатқанын, ұсынысты қарастырып көретінін атады.



№139 (4572) 23/11/2023 Бейсенбі

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

# ТҰРҒЫН АЛАПТАРДАҒЫ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

Елорда мен оның төңірегінде орналасқан елді мекендер біркелкі дамуы керек, олардың арасында көп айырмашылық болмауға тиіс. Бұл ретте Мемлекет басшысы әсіресе, бас қала маңындағы тұрғын алаптарды көркейтуді, онда тұратындардың тұрмысы өмір сүруге барынша қолайлы болуын тапсырған еді.



Осыған орай, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері Астанадан сыртқарырақ орналасқан аймақтарды аралап, ондағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігімен, туындаған түйткілді мәселелерімен жақынырақ танысты. Бұл жолы елордалық бір топ депутат Байқоңыр ауданының «Өндіріс», «Кирпичный» және «Казгородок» елді мекендеріне барып, белсенді тұрғындармен бетпе-бет кездесті. Әңгіме барысында халықтың көкейінде жүрген, шешілмей жатқан келелі істер анықталды. Олар қоғамдық кеңестің кезекті отырысында талқыланып, мәслихаттың қарауына ұсынылатын болады.

### «ӨНДІРІСТЕ» ӨЗГЕРІС КӨП

Халық қалаулылары аралауды алдымен «Өндіріс» тұрғын алабынан бастады. Ауа райының өзгеріп, күннің күрт суытуына қарамастан, белсенді тұрғындар билік өкілдерін белгіленген уақытта қарсы алды. Жергілікті жұртшылықтың оларға айтары аз болмады.

Күн сайын көркейіп келе жатқан елорданың халқымен бірге аймақ тұрғындарының да саны артып келеді. Дегенмен, қазір осы үрдіс әлеуметтік инфрақұрылымға зор салмақ түсіріп отыр. Белсенді тұрғындардың айтуынша, аталған елді мекенде қордаланып қалған проблемалардың негізгісі – жол салу, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, су тарту, кәріз, жарықтандыру сынды жұмыстар. Әсіресе, жолдар мен тротуар мәселесі жұртшылықты қатты алаңдатып отыр екен.

Белсенді тұрғын Тілектес Тіленова аймақтағы күрделі жөндеуді қажет етіп тұрған жолдарды көрсетті.

– Суық болған соң жер қатып, қиындық онша байқалмай тұр. Күн сәл жылынса, жер езіліп, айнала батпақ боп кетеді. Аяқ киімге жабысып алып, оңайлықпен түспейтін сол саз балшықтан құтылар күн болар ма екен? Қаншаға сатып әперсек те, балалардың туфлиі мен етігі екінші маусымда киюге жарамай қалады. Мектепке жеткенше аяқ киімдері ғана емес, шалбарлары да былғанады. Оны күн сайын жуа берген соң тез тозады. Маусым сайын жаңа киім сатып әперуге барлық ата-ананың бірдей мүмкіндігі жоқ, – деді тұрғын.

Екінші мәселе, аймақта қоғамдық көліктердің тым аз жүретіні туралы болды. Негізі, «Өндіріске» 24 және 30 нөмірлі екі автобус қатынайды. Олардың өзі жұмысқа баратын және жұмыстан қайтатын уақытта адамға лық толады. Кейде автобусқа сыймағандықтан діттеген жерлеріне жете алмайтындарын, көп күтуге тура келетінін айтып шағымданған тұрғындар олардың интервалын жақындатуды өтінді. Бұл ретте қалалық мәслихаттың заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі Қанат Естек жыл аяғына дейін тұрғын алапқа қатынайтын қоғамдық көлік санының артатынын айтты.

– Жыл соңына дейін тағы 3 автобус іске қосылады. Ол автобустардың интервалын азайтады. Сонымен бірге тұрғындар су, газ және кәріз мәселелері туралы сөз етті. Бұл да қазір жоспарда бар. Жобалау жұмыстары жүзеге асырылып жатыр. Көктем айында кәріз мәселелері жобасы жүргізіледі деген ойдамыз. Ал газдандыру келер жылдың маусым, шілде айларына жоспарлануда. Бұған дейін үкімет осы тұрғын алапта газ өткізуді жердің астымен жүргізу туралы айтқан болатын. Қазір бұл мүмкін болмай отыр. Коридор мәселесі де күрделі. Сондықтан газ алғашқыда жоспарланғандай жердің астымен емес, сыртпен жүргізілетін болады. Жалпы, ауданда атқарылған жұмыс аз емес, алда шешімін күткен шаруа одан да көп. Мемлекет басшысы тапсырғандай, шет аймақтарды шағын аудандарға айналдыруымыз керек. Бұл ретте қала әкімдігі де көп қолдау көрсетіп отыр. Биыл Байқоңыр ауданының бюджеті екі есеге өсті. Белсенді тұрғындардың пікірі негізінде алда барлық жұмыстар жалғасады. Негізі, абаттандыруды бірінші болып бастаған осы аудан, – деді Қанат Естеков.

> Күн сайын көркейіп келе жатқан елорданың халқымен бірге аймақ тұрғындарының да саны артып келеді. Дегенмен, қазір осы үрдіс әлеуметтік инфрақұрылымға зор салмақ түсіріп отыр. Белсенді тұрғындардың айтуынша, аталған елді мекенде қордаланып қалған проблемалардың негізгісі – жол салу, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, су тарту, кәріз, жарықтандыру сынды жұмыстар

Бүгінгі таңда елді мекенде 600 м суағар істеп тұр. Оны бәріміз көзімізбен көрдік. Насоспен емес, өз еркімен ағады. Жолдың екінші жағында ескі суағар бар. Тек, тұрғындар жолдың жөнделуін, бос жерлерге қираған жерлерін түзету, жетпеген жерлерін қосу және ашық жерлерін жабу, қоршау арқылы абаттандыру жұмыстарының жүргізілуін талап етуде.

### «КИРПИЧНЫЙДА» МЕКТЕП ЖОҚ

Одан әрі Қоғамдық кеңес мүшелері «Кирпичный» тұрғын алабына барып, онда салынып жатқан мектептің құрылыс жұмыстарымен танысты. Жұртшылық осылайша атап кеткен аймақтағы мектеп бұған дейін апатты деп танылған болатын. Енді оның орнына жаңа оқу орнының құрылысы жүріп жатыр. Әзірге бұл елді мекенде басқа мектеп жоқ, сол себепті оқушылар өзге аудандарға қатынап оқуда.

Ескі мектеп-кешеннің орнына салынып жатқан жаңа ғимараттың құрылыс барысымен танысу үшін халық қалаулылары Қамысты көшесі, 7 мекенжайда орналасқан білім ошағына келді. Өзі тұратын ауданның мәселелерін көтеріп жүрген белсенді тұрғын Қарлығаш Набиулина бұл мектеп ескі №12 мектеп-кешеннің орнына салынып жатқанын, екі қабатты ескі ғимаратта балабақша да болғанын, әбден тозығы жетіп, апатты жағдайда деп танылған сол мектептің оқушылары 2020 жылдан бері басқа мектептерге ауыстырылғанын, ал 600 орынға лайықталып салынып жатқан жаңа мектептің құрылысы кешіктіріліп жатқанын жеткізді.

Мердігердің мәлімдеуінше, ең басты мәселе қаржыландыруға байланысты болып отыр. Мектеп құрылысын бастаған бірінші мердігердің тарапынан жобалау жұмысында қателік кетті, кейіннен құрылыс компаниясымен шарт бұзылып, осындай жағдайға байланысты жобалау-сметалық іс-шаралар қайта жасалған. Құрылыс жұмыстары аяқталған жоқ, жоспар бойынша желтоқсанның аяғында тапсырылуы керек. Ал тұрғындар көптен күткен білім мекемесіне қатысты мердігерлердің жұмысы барынша сапалы болғанын қалайды. Асығыс біткен шаруаның сапасыз болатынын алға тарта отырып, олар осы тұрғын алаптағы қаншама ата-ана мен балалардың проблемасы өз деңгейінде дұрыс шешілсе дейді. Өйткені жаңа мектеп ашылса, бұл оқиға сол аудандағы барша тұрғынның басты қуанышына айналар еді. Депутаттар қала шетіндегі тұрғын алаптың әлеуметтік проблемасын ұдайы назарда ұстайтындарын айтты.

Көшпелі отырысқа қатысқан Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Ришат Тұрдыбеков ауданда атқарылып жатқан игі істерге тоқталды.

– Жыл басынан бері «Жол картасы» аясында аулаларды абаттандыру, көшелерді көріктендіру, көгалдандыру және жарықтандыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы, қай елді мекенді алсақ та, кез келген тұрғында инспектордың, аудан әкімдігіндегі жауапты тұлғалардың телефондары бар. Олар кез келген уақытта басшылармен байланысқа шығып, өздерін толғандырған мәселелерді тікелей жеткізе алады. Біз үнемі ашықпыз, аймақтарды дамытуда тұрғындардың тілегін ескеріп отырамыз, – деді Ришат Тұрдыбеков.

Айтуынша, атқарылған жұмыстар жетерлік, алда тұрған міндет одан да көп. Мәселен, 2022 жылы аудан бойынша 55 аула абаттандырылды, оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 15 ауланы абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Абаттандыру барысында 13 футбол алаңы, 3 баскетбол алаңы, 1 хоккей корты, 304 көше тренажерлері, 600 шағын сәулет нысандары, 70 жарықтандыру бағанасы, 30 мың шаршы метр төсеніш жабыны, 45 мың шаршы метр асфальтбетон жабыны, 7 қоғамдық кеңістік орналастырылды. Биыл 8 қоғамдық кеңістікті, 25 ауланы, оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 15 ауланы абаттандыру жоспарланған болатын. Жарықтандыру жабдықтарын орнату бойынша жұмыстар ауданның барлық көшесінде жүргізілді. 450 көппәтерлі тұрғын үйдің кіреберістері, балалар алаңдары, орамішілік кіреберістер мен өтпелер жарықтандырылды.

### «КАЗГОРОДОККА» САПАЛЫ ИНТЕРНЕТ КЕРЕК

Елді мекен тұрғындарымен кездесуде ең бірінші кезекте атқарылуы қажет жұмыстар сөз болды. Бұл ретте «Казгородок» тұрғындары жол, тротуар, балалардың спорт алаңдарын салу және интернет мәселелерін қозғады.

Белсенді тұрғын Раушан Махатованың сөзіне сенсек, аймақта интернет байланысы мүлде сын көтермейді. Үшінші күн ғаламтормен байланысқа шыға алмай отырған ол депутаттарға бұл мәселе тез арада шешілмесе, тұрғындар үшін қолайсыз жағдай тудыратынын жеткізді.

Сонымен бірге тұрғындарды толғандырған тағы бір проблема – кәріз мәселесі және газдандыру. Өткен жылы Қарақұм көшесінде қоғамдық кеңістік салынған болатын. Жатақханалардың алдындағы ойын алаңында бос жатқан жерлер бар. Белсенді тұрғын келешекте соны абаттандыруды ұсынды.

– Инженерлік жүйені жөндеу керек. Оны істеп бітпейінше мен жөнделген жерді қайтадан қазбау үшін жолдарды тегістеуге тапсырыс бере алмай отырмын. Жалпы, біз барлық жұмысты тұрғын алаптың инспекторымен және аудан әкімдігіндегілермен хабарласа отырып атқарамыз. Олар туындаған мәселені дер кезінде шешіп береді, – деді Раушан Махатова.

Қалалық мәслихаттың депутаты Бауыржан Қасымбергебаев тұрғын алаптың белсенді азаматтарына алғысын білдірді.

– Астананың сыртында орналасқан шет аймақтарды аралап, ондағы тұрғындардың тұрмысымен танысып жүргендегі басты мақсат – тұрғын алаптарды көркейтіп, жұртқа қолайлы жағдай жасау. Айтылған мәселелердің бірде-бірі ескерусіз қалмайды. Барлық өтініштер мен ескертпелерді назарға алып, елді мекеннің алдағы даму жоспарына енгіземіз. Себебі бас қаланың айналасындағы аймақтарды көркейту, ондағы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту – бәрімізге ортақ міндет, – деді депутат.

Күн сайын дамып, қарыштап өсіп келе жатқандықтан елорданың тұрғын алаптарындағы жағдай, міне осындай. Қай аймақтың болсын тұрғындары кез келген істе бақылаудың болғанын, атқарылған жұмыстардың аяғына дейін жеткізілгенін қалайды. Бұл – заңды да.

Астана көптеген салада, соның ішінде азаматтардың өмір сүру сапасы бойынша да басқа қалаларға үлгі көрсетуі керек. Сондықтан қаланың тұрақты дамуына кедергі болып жатқан түйткілдерді шешуде халық қалаулылары шет аймақ тұрғындарының тілегін естен шығармаса болғаны. Елді мекен тұрғындары көтерген мәселелердің барлығы қоғамдық кеңестің отырысында талқыланып, бақылауға алынады.





№139 (4572) 23/11/2023 Бейсенбі

# ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

2021-2025 жылы іске асатын «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында ел бойынша 491 мың жұмыс орны құрылып, тұрғындарға қолайлы өмір сүру ортасы қалыптасады. Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың нақты тапсырмасы.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Бағдарламаның әлеуметтік-экономикалық әсері тұрғын үй жағдайын жақсарту, қоныс аударушылар мен қандастардың жұмыспен қамту, ішкі көлік желісін ілгерілету мен транзиттік жүк легін ұлғайтудан көрінеді. Әрине, әлеуметтік инфрақұрылымнан бөлек, кәсіпкерлік саласы өңірлердің экономикасына серпін беретіні сөзсіз. Осы себепті Үкімет экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесін 30 пайызға жеткізу жолында түрлі деңгейдегі қолдау шараларын ұйымдастыруда.

Ұлттық жобада урбандалу деңгейін 59,1 пайыздан 62,6 пайызға жеткізу деп көрсетілді. Бағдарламаның бұл басымдығын жүзеге асыруға көп ақылдың керегі жоқ. Қазір ауылдық жерлерде жұмыс көзі тапшы. Осы себепті ауылдан қалаға ағылған қазақтың саны артты. Статистикалық дерек бойынша, 2023 жылы Қазақстанда урбанизация деңгейі 61,5 пайызға жетті. Енді қалаға келген адамдарды жұмыспен қамту керек. Ол үшін инвестиция тартып, бизнесті дамыту маңызды.

Біз қалалық инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасына хабарласып, инвестиция тарту мен бизнес саласында атқарылып жатқан жұмыстарды білдік.

– Ел тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өміріне оң әсер ететін 10 ұлттық жоба бекітілді. Бағыт-бағдары әртүрлі саланы қамтитын бағдармалардың ішінде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын ерекше атауға болады. Ал өңірді дамытатын тетіктің бірі – инвестиция және бизнес. 2022 жылы Астана қаласына 1,4 триллон теңге инвестиция тартылып, рекордтық деңгейге жетті. 2023 жылдың 9 айында 959,2 миллиард теңгені құрады. Соңғы 3 жылда шетел компанияларынан елордаға



4,1 миллиард теңге қаржы түсті. Республика бойынша алыс және жақын шет елдерден келген инвестицияның 6 пайызы елорданың үлесіне тиесілі, – деді басқарма басшысының орынбасары Темірлан Келдібаев.

Наурыз айынан бастап Астана даму орталығы инвестиция тартуға жауапты оператор болып белгіленді. Орталық басшысы Ерлан Ержановтың сөзінше, ұйымның негізгі қызметі – инвестиция тарту және елорда туризмін дамыту деңгейінен көрінеді.

Астана даму орталығы «бір терезе» қағидаты бойынша инвесторларға кеңес беріп, инвестициялық жобаны іске асыру процесін сүйемелдеп, мемлекеттік органмен өзара іс-қимылды жеңілдетіп, рұқсат беру рәсімінен өтуге және инвестициялық преференция алуға жәрдемдеседі.

– Бас қала инвесторларға тартымды болуының себебі – мемлекеттік қолдау шаралары бар. Жер учаскесін рәсімдеу, ғимарат пен жабдық түріндегі заттай грант алуға болады. Сондай-ақ салықтық, кедендік жеңілдікпен қатар, керекті инфрақұрылымды жүргізу мүмкіндігі қарастырылды, – деді Ерлан Ержанов.

Бүгінде Астана қаласының халық саны өсуімен тұрғын үйге қажеттілік артты. Елордалықтар қана емес, өңір-өңірдегі тұрғындар да медициналық қызмет үшін ел орталығындағы емдеу орталықтарына жиі келеді. Қалада аграрлық өнеркәсіп тауарлары: бақша дақылдары мен көкөніс түріне сұраныс жоғары. Ет, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету маңызды. Тұтынушылықтың осындай ерекшелігіне байланысты елорданы инвестициялаудың басым бағыты анықталды. Олар: машина жасау, химия өнеркәсібі, агроөнеркәсіп, күнделікті пайдаланылатын тауар түрлерін өндіру, құрылыс индустриясы, медицина, туризм саласы.

– Біздің компания портфеліндегі 178 жобаға 1,7 триллион теңге салу жоспарланды. Бұл жобалардың аясында 20 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Көп инвестицияланған салалар: білім беру – 57 жоба, логистика – 44, өнеркәсіп – 33, спорт нысаны – 19, – деді Ерлан Ержанов.

Білім беру саласы, оның ішінде, жекеменшік мектептердің құрылысы көптеп жүруі, сұраныстың жоғары болуынан аңғаруға болады. Кейінгі жылдары оқушы саны артты. Бір ғана 2023 жылы оқушылар саны 20 пайызға көбейді. Мәселен, 2022-2023 оқу жылында 212 мың оқушы білім алса, 2023-2024 оқу жылында 255 мыңға жетті.

– Инвестиция салған ірі жобаларды атайтын болсақ, «Rainbow Logistic» ЖШС логистикалық паркке 11,5 миллиард теңге қарастырып отыр. «Alpamys School» ЖШС балабақшасы бар жеке мектеп салуға 5,7 миллиард теңге жұмсайды. Шет елдер арасында Франция, Ресей, Үндістан, Түркия, Қатар Астанаға инвестиция салуға ниетті. Жалпы алдағы 2-3 жылда 71,73 миллиард теңгеге 23 жобаны іске қосып, 3 мыңға жуық жұмыс орнын құруға мүмкіндік бар, – деді Астана даму орталығының басшысы.

Қысқасы, Астана қаласы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасында көрсетілген басым бағыттарды жүзегу асыруда өзге өңірлерге үлгі болатын тұсы көп.

# ГАЗ ДА, МЕКТЕП ТЕ БАР

Астана іргесінде орналасқан тұрғын алаптардың жағдайы – қалалық әкімдіктің әрқашан назарында. Мәселен, Қарағанды – Астана тас жолы бойында Алматы ауданына қарасты үш тұрғын алап қатар орналасқан. Соның бірі – 11 мыңнан астам тұрғыны бар Интернациональный елді мекені.



Оңалхан ӨНЕРХАН

Тұрғын алаптың өзінде орта мектеп пен мемлекеттік балабақша бар. Одан бөлек, шағын дәрігерлік пункт жұмыс істейді. Алматы ауданы әкімінің бас инспекторы Азамат Нұғманұлының сөзінше, былтыр елді мекенге газ тартылып, бұл күнде 578 абонент көгілдер отынға қосылған.

– Интернациональный тұрғын алабының жалпы аумағы – 180 гектар. Тұрғын алапта 1182 жер үй, 354 пәтерлік 4 тұрғын үй бар. Алаптағы 26 көшенің 14-іне тас жол төселген. Былтыр алаптың 9 көшесі асфальтталды. Армандастар көшесінде инженерлік желілер, құбырлар салынып, кәріз жүйесі орталықтандырылды. Сондай-ақ нөсерге қарсы кәріз жұмыс істейді. Биыл Мереке және Ұлан көшесінде асфальтты-бетон жабынды төсеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Алматы ауданының тұрғын алаптарының әр алабында бір-бір жылы аялдама бар. Интернациональныйда өткен жылдың аяғында тағы бір жылы аялдама орнатылды. Былтыр алапқа газ беріліп, 578 абонент қосылды. Бүгінде газды үйге тарту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр, – деді Азамат Нұғманұлы.

Тұрғын алапқа қалалық №29, 29а, 9, 80 автобустары қатынайды.

– Бүгінгі таңда «Synergy Telecom» ЖШС жеке инвесторы елді мекенге сапалы және кең жолақты интернетке қосу бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Көгалдандыруға келетін болсақ, Армандастар көшесі мен Речной тұйық көшесі бойындағы скверде жасыл желектер отырғызылатын болады. Жалпы тұрғын алапта халық демалатын 3 сквер бар. Олар Речной, Мереке, Көксай көшелерінде орналасқан. Жасыл желектен бөлек, балалар ойын алаңы да салынған, – дейді бас инспектор.

Байқағанымыздай, тұрғын алаптың жолы тегіс және жарық бағандары да қаз-қатар орнатылған. Аялдамада автобусты ұзақ күтіп қалған тұрғындарды да байқамадық. Қоғамдық көліктердің бірінен соң бірі қатынап жатқанын көрдік. Орталық көшеде полиция пункті, орталық кітапхана мен шағын сауда орындары бар.

Елді мекен тұрғыны Гүлжайна Шайхимованың сөзінше, тұрғын алапта жайлы өмір сүруге барлық жағдай жасалған.

– Осы жерде тұрып жатқаныма 10 жылдан асты. Интернациональный деп көп ұлттар болған кезде аталған. Негізі бәріміз байырғы атауы Учхоз деп айта береміз. Қала орталығынан алыс демесеңіз, бізде барлық жағдай бар. Бұрындары жол болмай, біраз қиналатын едік. Қазір көлігі бар адамдарға жаңа жол жақсы болып тұр. Газды да тартып берді. Жақында жаңа мектебіміз де ашылды. Енді балаларымыз түстен кейін оқымайтын болды деп қуанып жүрміз, – дейді елді мекен тұрғыны.

Тұрын алапта 640 орындық орта мектептің 51 жылдық тарихы бар. №44 білім ошағының директоры Ляззат Култаеваның мәліметінше, мектеп жанынан 600 орындық қосымша ғимарат салынып, ол 3 қараша күні пайдалануға беріліпті.





– Іргетасы 1972 жылы қаланған мектебімізде 1023 бала оқиды. Жақында мектеп жанынан қосымша ғимарат ашылды. Бұл күнде ескі ғимаратта бастауыш сынып оқушылары ғана оқып жатыр. Ал жаңа ғиматтта 5-11 сынып оқушылары білім алады. Осыған орай мектебіміз бір ауысымдық білім беруге ауысып жатыр. Енді түстен кейін оқушылардың қосымша сабақ пен түрлі үйірмелерге баруға мүмкіндігі бар. Ал жаңа ғимаратқа келетін болсақ, ондағы әр сынып 25 балаға есептелген. Сондай-ақ ер балаларға арналған шеберхана мен қыздарға арналған аспаздық бөлмесі мен тігін цехы ашылды. Химия биология, физика кабинеттері жұмыс істейді. Жабдықталған зертханасы да бар. Барлығы 73 педагог бар, олардың барлығы оқушылармен тығыз жұмыс істейді, – дейді мектеп директоры.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

**Бір күнде мыңдаған адам өмірге келеді, мыңдаған адам бақилық болады. Өкініштісі, бұл қатарда өз өміріне өзі балта шауып, ажалынан бұрын жалған дүниемен қоштасатындар да бар. Қоғамдағы рухани дерт туралы тілшіміз Астанадағы психологиялық көмек орталығының суицидолог-маманы Екатерина МИРОНОВАМЕН сұхбаттасты.**



# СУИЦИДТІ ӘЙЕЛДЕР КӨБІРЕК ЖАСАЙДЫ



**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, СУИЦИДТІҢ 800-ГЕ ЖУЫҚ СЕБЕБІ БАР**

**– Екатерина Миронова, өзіңіз білетіндей, мамандықтар тізімінде арнайы суицидолог маманы жоқ. Сіз бұл жолды қалай таңдадыңыз?**

– Бала кезімде өзімнің бойымда адамдарды тыңдай білу мен жанашырлық қабілетімді байқадым. 1996 жылы мектепті бітіріп, жергілікті медицина университетіне түсіп, педиатр болуды жоспарладым. Бірақ таңдаған мамандықтағы кейбір кемшіліктер таңдауыма түзету енгізді. 5-курста психиатрия курсының оқытушысы оның ғылыми жұмысы үшін зерттеуге қатыстым. Сондықтан интернатурада осы мамандықты бірден таңдадым. Елордада Дағдарыс қызметі ұйымдастырылды. Жұмыс барысында қалада мамандандырылған суицидологиялық көмекке мұқтаж адамдар көп екені белгілі болды, бірақ бұл бағытта маман айтарлықтай тапшы екен. Осылайша психикалық денсаулық орталығынан тыс жұмыс істейтін шұғыл психологиялық көмек кабинетін ашу идеясы пайда болды. Мен мұнда 15 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Осы жылдары суицидке қатысты барлық жағдайдың фармакологиялық емдеумен қалыпқа келмейтінін түсіндім. Көбінесе мұндай адамдарға жылы сөз айтып, оған жанашырлық көрсету керек. Мұндай қадамға не үшін барғанын тыңдап, оған қолдау көрсету өте маңызды.

**– Статистикаға көз жүгіртсек, бұл қауіпті құбылыстың еліміздегі көрінісі көңіл қуантарлықтай емес. Адамдар көбіне қандай жағдайда өзіне қол жұмсауға барады?**

– Әлемде бір жылда 730 мың адам суицид жасайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, суицидтің 800-ге жуық себебі бар. Оның ішінде эмоциялық күйзеліс, отбасы проблемалары, психикалық бұзылыс, қаржы тапшылығы сияқты түрлі себеп жатады. Ол адамның жас ерекшелігі мен мінезіне де байланысты. Сондай-ақ өмірінде орын алған оқиғалар да себеп болады. Жан дүниесі құлазып, кеудесі бос қалғандай күй кешкенде адам іштей үрей мен өзін-өзі кінәлауға бой алдырады. Өзін ешкімге қажетсіз сезініп, жан жарасы тереңдей түседі. Осындай түпсіз терең шыңыраудан шығудың жолы тек өмірмен қош айтысу деп түсініп, жаңылыс қадамға баратындар жиі кездеседі.

**– Қандай адамдар өз-өзіне қол жұмсауға бейім?**

– Мұндай әрекетке баратын тәуекел топта психикалық ауытқулары бар адамдар, ұзақ уақыт бойы соматикалық аурулардан зардап шегетіндер, жасөспірімдер мен қарттар бейім келеді. Сондай-ақ мигранттар, қорлық көрген және әділетсіздікті бастан өткерген адамдар да өз-өзіне қол жұмсап жатады. Суицидтік әрекеттерді басқаларға қарағанда әйелдер көбірек жасайды. Ал ер адамдар өзіне қол жұмсаса, ол қайғылы аяқталады. Некесіз, ажырасқан, жесір қалған, баласыз және жалғыз тұратын адамдар арасында суицид жасау деңгейі жоғары. Жасы бойынша айтатын болсақ, 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер өмірінде туындаған қиындықтарға байланысты өзіне қол жұмсайды. Сонымен қатар 40-50 жас аралығындағы ересектер мен 65 жастан асқан адамдар суицид жасауға бейім келеді. Астана қаласы бойынша 20-29 жас аралығындағы жастар суицид жасауға әрекет жасайды, бірақ көп жағдайда дер кезінде көрсетілген көмектің арқасында аман қалып жатады. Ал 40-49 жас аралығындағы адамдардың мұндай әрекеті, өкінішке қарай, қайғылы аяқталады.

**– Өз-өзіне қол жұмсамақ болған адамды көріп қалған жағдайда, оны қалай тоқтатуға болады?**

– Мұндай жағдайды елеусіз қалдыруға болмайды. Ашық әңгіме жүргізу арқылы неге өмір сүргісі келмейтіні туралы білуге тырысыңыз. Бұл арада жақын жандарыңның күнделікті мінез-құлқында, қарым-қатынасында байқалатын өзгерістерге мән беру аса қажет. Суицид аяқ астынан пайда болмайды, ол біртіндеп, импульсивті түрде келеді. Яғни ушығып тұрған жағдайдың күндердің күнінде жарылары сөзсіз. Суицид жасағандардың көбі өз мақсатын қандай да бір түрде білдіреді екен. Олар ашылып әңгімелескісі келеді, біреудің оны тыңдағанын қалайды. Кейбір суицидті жоспарлаған адамдар аяқ астынан достарына, туыстарына заттарын беріп, сыйлықтар үлестіре бастайды. Тіпті өзі үшін қымбат, құнды саналатын заттарын да оңай қия салады. Осындай жағдайларды байқаған бойда ол адаммен ашық сұхбаттасып, сырласу керек. Ең бастысы, жанашырлық таныта сөйлесу қажет.

**– Өз-өзіне қол жұмсамақ болған адамның мұндай қадамға екінші рет бармайтынына кепілдік бар ма?**

– Өздеріңіз білетіндей, Астанада суицид бойынша арнайы қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. Оған анонимді режимде кез келген адам жүгіне алады. Ересектер мен жасөспірімдерге арналған екі шұғыл психологиялық көмек кабинеті бар. Өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасалғаннан кейін адам көбінесе соматикалық стационарға түседі. Онда оның физикалық жағдайы қалпына келгеннен кейін психиатр дәрігерінің диагностикалық кеңесі жүргізіледі. Нәтижеге байланысты ол шұғыл психологиялық көмек кабинетіне жіберіледі. Мұнда диагноз қойылады, суицид қаупі бағаланады. Бұл қадамға екінші рет бармайтынына кепілдік жоқ. Суицидке бір рет әрекет жасаған адамдардың 10 пайызы өз-өзіне қайта қол жұмсау салдарынан қайтыс болады.

**– Суицидтің алдын алу үшін не істеу керек?**

– Суицидтің алдын алудың бірнеше бағыты бар. Бастапқы профилактика – ол суицидтік мінез-құлықтың пайда болуын болдырмауға бағытталған шаралар. Мұнда салауатты өмір салтын ұстану, өз-өзіне қол жұмсау туралы дұрыс ақпарат жеткізу, қолайлы әлеуметтік жағдай мен БАҚ-та суицид тақырыбын сауатты жариялау жатады. Екінші – суицидтік жағдайды тоқтату мақсатында өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін жасаған адамдарға қатысты шаралар. Бұл дәрігерлер мен психологтардың стресс кезінде психикалық өзін-өзі реттеу әдісін игеру. Үшінші – профилактика-суицидтік әрекеттердің қайталануын болдырмау. Мұндай жағдайда әрекет жасаушының жақындарына көп жағдай байланысты. Өкініштісі, қоғамда психолог маманға тек психикалық ауытқушылығы бар адамдар ғана жүгінеді деген түсінік қалыптасқан. Осы жаңсақ пікірді санадан шығарып, маман кеңесіне құлақ асу керек. Суицидтің алдын алу үшін бірінші кезекте күнделікті қарым-қатынастағы жақын адамдарымызға жылы шырай танытып, ішкі жан дүниесін түсінуге тырысу қажет.

**Сұхбаттасқан**
**Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ**

# ОНЛАЙН САТЫП АЛУҒА – 65 ШАҒЫМ

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде интернетте онлайн сатып алу кезінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы Астана қаласы Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Нұрғали Егембердиев брифинг өткізді.



Ресми ақпарат бойынша тауарды онлайн сатып алуға қатысты биылғы 9 ай ішінде республика бойынша 600 өтініш қаралып, 31 млн теңгеден астам сомаға тең бұзылған құқықтар қалпына келтірілген.

«Астана қаласының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті тұтынушылардың құқығын қорғаудың жоғары стандартын қамтамасыз ету мақсатында электрондық сауда алаңының өкілдерімен ынтымақтастықты жалғастыруда. Бірлесе жұмыс жүргізу тұтынушылардың электрондық сауда желілеріне деген сенімін нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар тұтынушылардың құқығы сатып алудың барлық кезеңінде қорғалатын электрондық коммерцияға теңдестірілген көзқарастың маңызын көрсетеді» деп түсіндірді құзырлы департамент басшысы.

Оның айтуынша, Астана қаласы бойынша қайтарылған тауар үшін ақшалай қаражатты тиісінше және тиісінше емес сапада қайтаруға жәрдемдесу туралы 65 өтініш қаралған. Нәтижесінде тұтынушыға жалпы сомасы 1200 млн теңгеге ақшалай қаражатты қайтаруға көмек көрсетілген.

Департамент басшысы азаматтар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР қолданыстағы заңына сәйкес тұтынушы ақаулы тауарларды қайтаруға, сондай-ақ өз таңдауы бойынша сатып алу бағасын пропорционалды төмендетуді, тауардың кемшілігін өтеусіз жоюды, тауарды ұқсас маркалы тауарға (модельге, артикулға) ауыстыруды, шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы екенін атап өтті.

«Сондай-ақ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» жаңа заң жобасы шеңберінде тауарларды өткізу мақсатында пайдаланылатын интернет-ресурстарды «сауда нысандарына» теңестіру ұсынылатынын атап өткім келеді. Тиісінше, офлайн сатушыға қойылатын барлық талап онлайн сатушыларға да қолданылады» деді Нұрғали Егембердиев.

Бұдан бөлек, электрондық сауда алаңдарының иелерін кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманың талаптарын сақтау жөнінде шарттар жасасуға міндеттеу ұсынылады.



# ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Полиция баланы экранның арғы жағындағы ниеті түзу емес адамдардан қорғауға көмектесетін интернеттегі қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін ұсынды. Ішкі істер министрлігі полиция әзірлеген мынадай ұсыныстарды қаперге алуымызды сұрайды:



– Ата-ана кәмелетке толмаған баланың интернеттегі қызығушылығын мүмкіндігінше бақылап отыру керек.

– Жеке дерегіңізді бөгде адамдарға айтпаңыз. Таныс емес тұлғалардан түсетін достықты қабылдамаңыз, олардың нұсқауларын орындамаңыз.

– Балаларға ешбір жағдайда желінің басқа пайдаланушыларына өзінің дербес дерегін, яғни аты-жөнін, тегін, туған күнін, тұрғылықты мекенжайын, оқу орнын, телефонын, фотосуреттерін және т. б. ақпаратты айтуға болмайтынын түсіндіру қажет.

– Бұдан бөлек, әлеуметтік желі қолданушылары сенімге кіру үшін ойдан шығарылған деректерді, соның ішінде басқа адамдардың немесе тіпті балалардың фотосуретін пайдаланатын кездер болады. Осыған байланысты белгісіз адамдардан достықты қабылдамау және олардың бұйрығы мен нұсқауын орындамау ұсынылады. Ең дұрысы – сұхбаттасып жатқан адамның парақшасын бұғаттау.

– Интернет қолданушылар тарапынан түскен қауіптен қорықпаңыз.

– Қашықтан қол жеткізуге арналған бағдарламаларды орнатпау керек. Мұндай қосымшаларды орнатпас бұрын ол туралы интернетте оқып, оның не үшін қажет екенін біліп алу керек.

– Ата-аналар баланы интернеттегі қауіпсіздіктің негізгі ережелері туралы хабардар еткені дұрыс, сондай-ақ оны бөгде адамдар мен қажетсіз контенттен қорғауға көмектесетін «ата-ана бақылауы», «қауіпсіз іздеу» сияқты параметрлерді қолданған абзал.

«Интернет пайдаланушылар сізге қоқан-лоққы көрсетсе, уайымдамаңыз. Олар сізге де, жақындарыңызға да ештеңе істей алмайды. Олар, әдетте, балаларды бақылауға алу үшін қорқытады. Бірінші қауіп төнген кезде балалар бұл туралы еш қысылмастан ата-анасына, әпке-бауырына, мұғаліміне және т. б. дереу айту керек» деп жазылған ведомство берген мәліметте.

**Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ**

№139 (4572) 23/11/2023 Бейсенбі

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

# ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАЛАЙ ЕНГІЗІЛУДЕ?

Цифрландыру – бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт, жаңа үрдіс, білімді ұрпақ пен кемел келешек кепілі. Бұл мақсатқа ерекше көңіл бөлу – мемлекет саясатының маңызды бір бөлігі.



2023 жылғы 29 қыркүйекте Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз мекемелерінің сайтында «Баршаға қолжетімді білім сапасы» ұлттық баяндама жобасын жариялады. Онда «Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында болжам жасауға үлгертпей тез өзгеретін, тосын кезеңге аяқ бастық. Бұрын-соңды көрмеген ақпарат тасқыны шешім қабылдауды қиындатып, не нәрседе де белгісіздікке әкеледі. XXI ғасырдың алғашқы 14 жылында адамзат тұтас XX ғасырдағы жетістіктерге парапар прогреске қол жеткізді. Сарапшылардың пікірінше, бұл ғасырдағы ілгерілеу өткен ғасыр жетістіктерінен мың есе асып түсуі мүмкін» делінген. Шынында да, қазіргідей ақпарат технологиясы жедел дамыған тұста дәстүрлі білім алу әдісі заманына орай қайта жаңғыру үстінде, күннен-күнге ғылым саласындағы жаңашылдықтар жаңа талап жүктеп отыр. Заманауи білім саясаты тек ұлттық шеңберде емес, халықаралық деңгейде ауқымды жұмыстарға бастайды.

### ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘЛЕМДІ ЖАУЛАДЫ

Бұрын фантастикалық шығармаларда ғана кездесетін дүниелер қазір ақиқатқа айналды. Оны елемегендер көш соңында қалып қоюы мүмкін. Мемлекет басшысының пікірінше, кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллект технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор.

– Бұл салада жаһандық бәсеке өте жоғары. Қазақстан осы үрдістен тыс қалмауы керек. Бұл – заман талабы. Сондықтан біз қазір озық технологияны дамытуға айрықша назар аударып отырмыз. Қазіргі міндет – еліміздегі IT-мамандардың, сарапшылардың, ғалымдардың басын қосып, олардың күш-жігерін тиімді пайдалану, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өткен «Digital Bridge» форумында.

Сарапшылардың бағалауынша, оның үлесі дүниежүзілік ішкі жалпы өнімнің төрттен бірін құрауы мүмкін. Сондықтан да Қазақстан бұл бағытты мықтап қолға алып, жасанды ақыл-ойды дамытуға барынша жағдай жасамақ. Стратегиялық құжат қабылданып, ұлттық жасанды интеллект платформасы әзірленеді. Ал әлемдік компанияларды Қазақстанға тарту үшін цифрлық әлемге қажет инфрақұрылым дайындалады. Дата-орталықтар салынады. Бұл іске Amazon, Google, Mastercard және Citigroup сияқты әлемге танымал компанияларды тарту көзделіп отыр. Президенттің АҚШ-қа сапары аясында уағдаластық жасалды. Енді оны іске асыру қажет.

«Жасанды интеллект барған сайын көп нәрсеге дағдыланып, болашақта экономиканың барлық саласында мамандарды алмастырып, кадр қажеттілігін айтарлықтай азайтады. Технологиялық инновациялардың ықпалына ілікпейтін мамандық түрі қалмайды. Ал сарапшылар болжамына сенсек, алдағы 4 жылда барлық сала қызметкерлерінің жартысына жаңа дағдыларды меңгеру қажет болады, ал болашақта қайта оқып, біліктілік алып отыру қалыпты дүниеге айналады» дейді ұлттық баяндама авторлары.

### КҮДІК ПЕН ҮМІТ

Жасанды интеллект адамзатқа игілік әкеле ме, әлде құрдымға кетіре ме деген сұрақ та жоқ емес. Әлемде жаңа технологияның келуімен жұмыссыздар қатары көбейетіні даусыз. Әлеуметтік қиындықтар болмай тұрмайды. Яғни жақын онжылдықта барлық мемлекетте жұмыссыздар қатары көбейе түсері шындық және бұл құбылыс өз кезегінде әлеуметтік дүмпуге негіз болуы әбден мүмкін. Бұдан байқалатыны, ұлттық баяндама жобасы алдағы уақыттың болжамды қатерін ескеретін стратегиялық мақсаттарды қолға алып отыр деген сөз. Енді осы игі шаралардың жүзеге асуы мемлекеттік ұйымдармен бірге бүкіл ел болып атсалысатын аса өзекті мәселеге айналды.

Ұлттық баяндама жобасында баршаға қолжетімді сапалы білім берудің жаңа бағдарламасы ұсынылған. Ең алдымен, білім беру әдістемелерін заманға сай жаңғырту, педагогтардың білім деңгейін ұдайы жетілдіріп отыру көзделген.

– Жобаны ұсынушылар «білім беру – оқу» ұстанымынан «білім беру – тұлғаның қалыптасуы мен дамуы» ұстанымына көшуді жөн көреді. Яғни оқудың барлық кезеңінде – балабақша мен мектеп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейін жеке білім беру бағдарламасымен қамтылады. Бағдарламада еліміздің алдағы онжылдықтағы демографиялық көрсеткіші де ескеріліпті. Мәселен, елімізде жылына орта есеппен 400 мыңнан астам бала дүние есігін ашады деп болжанса, алдағы 3 жылда елдегі колледждер мен жоғары оқу орындарына 1,5 млн-нан астам студент барады екен. Ал 2030 жылға қарай Қазақстанда жұмыс күшінің 80 пайыздан астамын жастар құрайды. Сондықтан білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын кеңейтумен қатар, инвестициялау, оқытудың аралас немесе дуальді моделіне көшудің қажеттілігі аталып, білім сапасын көтеру алдыңғы орынға шығады, – дейді түркітанушы-ғалым Серікбай Қосанов.

### ЖЫЛДАМ ИНТЕРНЕТКЕ ҚАШАН ЖЕТЕМІЗ?

Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін жылдам интернет қажет. Осыған байланысты Президент 5G желісін уақытынан бұрын іске қосуды тапсырды. Яғни 2027 жылы емес, 2025 жылы барлық облыс орталығы ұялы байланыстың жаңа буынына қосылуы қажет.

Елімізде 5G енгізу жеделдеп, 2000 ауыл мектебі Starlink жоғары жылдамдықты интернетке қосылатынын сала министрі Бағдат Мусин хабарлағаны белгілі.

Жуырда Үкіметте ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте 5G технологиясын енгізу және шалғай елді мекендердегі мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин бүгінде Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында байланыс операторларының 800-ден астам 5G базалық стансасы орнатылғанын баяндады. Бұл ретте технологияны енгізуді жеделдету үшін байланыс стансаларын іске қосу мерзіміне айтарлықтай әсер ететін реттеуші бірқатар кедергіні жою қажет. Бұл жабдықты монтаждау рәсімін жеңілдетуге, санитарлық ережелерді халықаралық стандартқа сәйкестендіруге, жер телімін уақытылы беруге және тағы басқаларға қатысты.

«Жайлы мектеп» бағдарламасының жемісін алдымен алыс аудандағы қандастарымыз көрсе екен дейміз. Қазіргі кезде облыс орталықтарында сапалы білім беруді мақсат тұтқан білім-инновация мектептері (Binom school) және ұлттық бағыттағы лицейлер (Qazbilim) ашыла бастады. Олардың санын көбейтіп, елдегі дарынды оқушыларға тұрақты түрде тегін грант орындарын бөлуді ойластырған жөн.

Жоғары оқу орындары өндіріс пен ғылымға жасанды интеллект енгізуді қолға алады және жаңа жұмыс орындарын ашуға қабілетті кадрлар даярлаумен шұғылданады.

> Астана қаласының Білім басқармасы оқу процесін цифрландыру аясында ауқымды жұмыс жүргізуде. Елордада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау «Indigo: электрондық балабақша» бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға адамның тікелей қатысуынсыз, жылдам қабылдауын қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылғы шілдеден бастап электрондық келісімшарт енгізілді

### ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – САПАЛЫ БІЛІМ

Заманауи өзгерістердің жылдамдығына қарап алдағы кезеңде білім мен ғылымда ғана емес, жалпы қоғамда жасанды интеллект пен сандық технология араласпайтын сала қалмайтынын болжау қиын емес. Осыған орай, «Баршаға қолжетімді білім сапасы» ұлттық баяндама жобасында жоғары оқу орындары жақын келешекте сандық формат жүйесін меңгеріп, «smart-университеттер» моделіне көшетіні туралы сөз болған. Сонымен қатар онда виртуалды және интерактивті платформалар мен жасанды интеллект тәсілдерін оқу үдерісіне енгізу студенттерге теория мен тәжірибе дағдысын тиімді меңгеруге мүмкіндік беретіні айтылады. Осы бағытта басталған заманауи білім беру бағдарламалары жалғаса берсе, алдағы жылы онлайн-курс, вебинар мен қашықтан оқудың басқа да формалары студенттерге өзге елдердің жетекші мамандарынан білім алуға, дамыған елдердің студенттерімен тәжірибе бөлісіп, өзара әріптестік орнатуға кең жол ашпақ.

Бір өкіністісі сол, жасанды интеллектке негізделген қазақ тілді қосымшалар жоқтың қасы. Мысалы, жасанды интеллект арқылы қазақ тіліндегі әр алуан кітапты, көркем әдебиет мәтінін түрлендіруге немесе талдауға өзге тілдегі қосымшалар көмектесе алмайтыны өкінішті. Сондықтан жасанды интеллектіні қолданып, қазақ тілінде қандай да бір көркем шығарма, мақала, эссе жазу былай тұрсын, кәсіби сөздіктерді түзу де қиындық тудырады. Бұл ретте Ғылым және жоғары білім министрлігі Үкіметпен бірлесе отырып, таяу уақытта интернеттегі қазақ тілді контенттің мобильдігі мен қолжетімділігін дамытуға бағытталған шараларды тездетіп қолға алуы керек. Ақпарат технологиясы саласына қазақ тіліндегі оқулықтар да ауадай қажет. Себебі онсыз ұлттық білім мен ғылымның сандық форматқа өтуі кешеуілдей бермек. Сандық технологияларды білім жүйесіне бейімдеу мен оқушыларға үйрету адам капиталының жылдам дамуына оң әсер етеді. Ал білім алу нәтижелеріне қол жеткізуде цифрлық технологиялардың алатын орны зор.

Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді тұлға ретінде қалыптастыру – өзекті мәселе. Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі де бір орнында тұрмайды, үнемі ізденіс, жетілу үстінде. Болашақ ғасырдың тұлғасын қалыптастыруға қызмет ету кез келген мұғалімнің, ұстаздың басты міндеті, мақсаты болуы керек. Білім жүйесін цифрландыру мен жаңғырту көптеген жаңа бастаманы енгізуге, сапалы маман, білімді ұрпақ тәрбиелеуге сеп болары сөзсіз. Ұлттық баяндамада айтылғандай, алдағы онжылдықта балалар мен жастарға сапалы білім беру мәселесі ұлттық идеяға айналуы тиіс.

### АСТАНА – ЦИФРЛАНДЫРУ ОРДАСЫ

Астана қаласының Білім басқармасы оқу процесін цифрландыру аясында ауқымды жұмыс жүргізуде. Елордада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау «Indigo: электрондық балабақша» бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға адамның тікелей қатысуынсыз, жылдам қабылдауын қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылғы шілдеден бастап электрондық келісімшарт енгізілді. Бүгінгі таңда қалада IT бағыттағы 4 мектеп жұмыс істейді (№8, 59, 73, 85). Мұнда компьютер графикасы, бейнетехнология, мобильді қосымша дайындау, робототехника, веб-сайт құру және 3D модельдеу, дизайн, веб-технология, электроника және мехатроника тереңдетіліп оқытылады. Педагогтар үшін әдістемелік сүйемелдеудің ашық онлайн алаңдары – online-metod.kz, elorda-mektep.kz жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта тамақтану, қоғамдық көлікпен жүру, халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларына материалдық көмек алу, мектептерге кіру үшін турникет арқылы өту қызметін біріктіретін «әлеуметтік әмиянды» енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Роботтар мен компьютер модельдеуін кодтау, алгоритмдер және бағдарламалау негіздерін зерттеу мақсатында әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында 400-ден астам баланы қамтитын «Sana» шығармашылық білім беру орталығы ашылған.

Техникалық және кәсіптік білім алып жатқан студенттер үшін «Platonus college» автоматтандырылған ақпарат жүйесі енгізілді. Жүйе колледжге қабылданған сәттен бастап диплом алғанға дейін бизнес-процестің автоматтандырылған түрін ұсынады.

Қоғамдағы өзгерістерді жүйелі түрде есепке алып отыратын Ұлттық статистика бюросы үшін цифрландыру мәселесі маңызды. Өйткені нақты ақпаратты жинау және оны көпшіліктің пайдалануына ұсыну шапшаңдық пен жүйені талап етеді. Сонымен, бюрода автоматтандыру жұмысы қалай жүзеге асуда? Бұл жөнінде Статистикалық тіркелімдер департаментінің директоры Елнұр Бекбердиев мәлім етті.

# ШАПШАҢ ӘРІ ЖҮЙЕЛІ

– Дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне назар аударсақ, көптеген ел статистика өндірісінде әкімшілік деректерді қолдануға көшкен. Яғни қазіргі таңда деректерді жинауда мемлекеттік орындарға арқа сүйеп отыр. Біз де респонденттердің жүктемесін азайту мақсатында сол мемлекеттік орындардан алынатын әкімшілік деректерді қолдану жағына ден қойып отырмыз. Әрі ол ақпарат ортақ қолдану үшін қолжетімді болуы керек. Бұл үшін департаментте былтырдан бастап «цифрлық статистикалық тіркелімдер» деген жоба қолға алынып отыр, – деді Елнұр Бекбердиев.

Тиісті талдаулар жүргізудің нәтижесінде көптеген мемлекеттік орындар мәліметі департаменттің талабына сәйкес келмей тұрғаны анықталды. Себебі көптеген мемлекеттік орында ақпаратты жинау жүйесі автоматтандырылмаған немесе жалпылама ғана жиналады. Ал бюроға толық ақпаратты көру үшін әр кәсіпкердің, әр респонденттің детальді ақпараты керек. Сондықтан осы бағытта тиісті мемлекеттік орындармен жұмыс жүргізіліп жатыр.

– Біріншіден, мемлекеттік орындардан алынатын ақпараттың сапасын жақсартып, әдістемелік тұрғыдан сәйкестендіруіміз керек. Бұл ақпараттар сұранысымызды қанағаттандырған жағдайда, қолданыстағы статистика нысандарын қысқартуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ алдағы 2-3 жылда экономиканың 16 саласы бойынша статистикалық тіркелімдерді қалыптастыру көзделген. Бұл бізге ақпаратты жылына бір рет емес, ай сайын немесе күнделікті алып отыруға мүмкіндік бермек, – деді Статистикалық тіркелімдер департаментінің директоры.

Аталған жобаларды жүзеге асыру үшін заңдылықтар ретке келтіріліп жатыр.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ



# ТЕҢДЕССІЗ ШАЙЫР

Бар ғұмырымыз бірге өткен жан досым, сұрапыл ақын Несіпбек Айттың орны күн өткен сайын олқы соғып көрінеді қазақ қоғамында. Бүгін жыр жазуда теңдесі жоқ жүйрік, өлең өлкесінің ертеден салса кешке озған, еңістен салса төске озған тұсаусыз тұлпары Несіпбек Айттың жамбасы жерге тигеніне 40 күн болды.



Біздің атымыз ғана ұқсас емес, тағдырымыз ортақ, заманымыз бірге, жүрер жолымыз қатар өріліп жатқан еді. Журналистика факультетін тетелес оқыдық, оқудан соң ол «Балдырған» журналы мен «Лениншіл жас» газетіне тізгін байлап, сол жерде жүріп баяғы Мұрат Әуезовтің «Жас тұлпары» секілді Ақселеу ағамыздың ұлттық сабағын тыңдайтын шәкірт болған жылдар тіптен жақындатып жіберді. Ол топта «Мәдениет және тұрмыстан» Тұрсын Жұртбаев, әншілер студиясынан Жәнібек Кәрменов болды. Нескең сол «Балдырғанда» жүріп балалар өлеңіне өзгені де тербеді, өзі де тербелді, ақыры «балдырған ақыннан» «батыр ақын» биігіне дейін көтерілді.

...Он жылдың жүзі болған жоқ, мен оны «абыз ақын, қобыз ақын Несіпбек!» деп атадым. Ол, шынында, абыздық табиғатында бар ақын, есейе келе өлеңдері мен поэмаларында абыз ойларды кесек-кесегімен айтқан ақын. Тіпті сонау ертеректегі жыр жолдарына үңілсеңіз, өмірге пәлсафалық көзбен қарай бастаған Несіпбекті көресіз:

*«Жұрт еді ғой менсіз де күн көретін,*
*Өлгенменен ешкім жоқ бірге өлетін.*
*Қабақ шытпай күтейін ажалды да,*
*Қонағым ғой әйтеуір бір келетін!»*

дейді.

Бұл – бұған дейін жүз ғұламаның айтқан ойы. Соны бізге Несіпбекше жеткізу. Ал Нескеңнің поэзиядағы аяқ тастасы ғаламат болатын. Әсіресе, сөз саптауы...

Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров айтқандай, бойы аласа болса да, сол бойға сыйып жатқан сөз-қазына түпсіз де, шексіз де болатын:

*«Мазам кетіп барады, мазам кетіп,*
*Мазақ етіп жүре ме қазам жетіп?*
*Тым болмаса жабдығым түгел емес,*
*Табақ тесік, қасық кем, қазан кетік!»*

дейді.

Өзі жайлы айтады. Ол кезде екеуміздің де жағдайымыз сондай болатын. Екеуміз не, елдің жағдайы сондай еді. Бәріне ортақ қоңыр тірлік еді. Соны айта алуы қандай Нескеңнің?! Бірақ ол өз басындағы күйді жырлау болмайтын. Ортақ тағдырды ортаға салу болатын. Несіпбектің ертеректегі жырларын парақтаған жан халқының, ұлтының дар алдындағы сөзін айтқан жолдарды молынан табады:

*«...Санаумен шыққан күнді,*
*туған айды,*
*Көз жасы бұл ғасырдың құрғамайды.*
*Жамайтын өз жыртығын өлермен көп,*
*Япырмау, ел жыртығын кім жамайды?!»* дейді құса болған ақын.

Нескеңнің айтысы кесек, сөздері бейнелі, жыр мағынасы нысанаға атқан оқтай ғой:

*«...Сумаңдаған суық қол суырып*
*ап қолқаны,*
*Адам қанын уыстап ақша орнына жұмсауда!»* дейді.

Оқып отырып, денең дірілдейді. Жан-жағыңа қарап, әлгі қанішерден тығылмақ боласың. Тығыла алмайсың. Өйткені ол сенің жаныңда тұрған жоқ, сен өмір сүрген қоғамда өріп жүр! Нескем жазған ол жыртқыштар бүгін де таусылып біткен жоқ.

*«...Алаң қағып әркімнің көзінде жүр,*
*Қасқыр тартқан тоқтының қорқынышы»* дегені рас та, хақ та.

Тұла бойы сөзден тұратын Несіпбек айтып кетпеген сөз жоқ! Кешеден бері жоқтау кезінде оның қырыққа таяу поэма жазғаны қайталап айтылды. Білемін. Біразын жазу барысында мені шақырып алатын: «Ей, дос, кел үйге, поэма жаздым, тыңдап, бағасын бер!» дейтін. Тұра ұмтыламын. Өзімді жатырқамайтын үйлерге батыл бара беретінмін. Нескеңнің шаңырағы – өз шаңырағым. Алғаш осы Астанаға үйсіз жалғыз келгенде, Несіпбек Манатқа шай қайнаттырып, ет асып, жиі шақырып алатын. Мәкең де бір жайлы адам. Содан Нескеңнің кемпірі маған мама болған еді. Ол кісіні бүгінге дейін «мама» деймін. ...А, сол поэмалардың саны емес, ішінде айтылған сөздерінің құдіретіне табынып қайтушы едім ол шаңырақтан. Ертеде мынадай жыр жазған шайыр есейе келе не айтпайды дейсің:

*«Қазақ жыры қайтып оңар, әр бұтада*
*бір көкек,*
*Сұңқылдайды өз аттарын*
*шақырумен күнде тек.*
*Бұлбұл үнін танымайтын шойынқұлақ заманда,*
*Жезтырнақтың жолы болғыш көйлек киген гүлді етек!».*
*Тағы: «Сорлы құлдың шыбын жаннан*
*басқаға жоқ таласы,*
*Туды-өлді, болды ғайып,*
*көрінбейді қарасы.*
*Жеті атасы хандық құрған қаптап*
*кетті қасқалар,*
*Қызыл табан, қырғыш көтен,*
*қалмай кедей баласы!».*

***Құрдас боп ойнап жүруші едік. Соңғы бір жолыққанымда «Мен сенен 2-3 жас үлкенмін ғой» деп еді марқұм. «Ағатай» деп жаздым ақыреттік сапарына аттанарда. Қош, ағатай!***

**ҚАЙРАН, АЛТАЙ...**

*Кіндігің қалған жері – Тарбағатай.*
*Соңында Тарбағатай қалды, ағатай.*
*Қытайда қалып қойсаң қайтер едің,*
*Бер жағы – Шыңғыстау да, ар жағы*
*– Алтай.*

*Ақсораң – менде.*
*Сенде – Тарбағатай,*
*Сенің де ішің толы зар ма, ағатай?*
*...Бөлінген екі жаққа екі Алтайдай,*
*Өксігі қара өлеңнің, қайран, Алтай!*

*Кіндігің қалған жері – Тарбағатай.*
*Бер жағы – Шыңғыстау да, ар жағы*
*– Алтай.*
*Адамзат сапарының жолаушысы ең,*
*Алдыңнан жарылқағай Алла, ағатай!*

**Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ**

...Несіпбекті жоқтауымның бұл басы ғана. Ортамыздан қазақ жырының жауһар толған арбасын жарты ғасыр жаяу сүйреген теңдессіз шайыр кетіп барады. «Ол бәрін алды, бәрін тақты кеудесіне, бар марапатқа ие болды» дерсіздер. Жалған! Ақын Несіпбек Айт бұл ғұмырдан түк те алған жоқ! Нанбасаңыз барып көріңіз. Ол небәрі екі құлаш кебінге оранып қана жатыр. Ал ол сіз бен бізге, қазаққа, барын берді! Оның қазақ поэзиясына бергенін ешбір өлшеуішпен өлшей алмаймыз!

...Нескем ортамызға оралып тұру үшін кеткен екен деп жұбатайын өзімді. «Өлсем көрден тұрғызатын құдіретім – сөз менің!» дегенді айтқан да сол Несіпбек еді. Оның мың атанға жүк болатын жырларын әр қазақ қолға алған сайын орнынан тұрып, басын иіп, қайта жататын шығар екпінінен от сөніп, су таситын сөз зергері!

– Тұр, Неске, тұр, Несіпбек! Мен сенің бар қазаққа қалдырған өсиет жырыңды оқиын деп жатырмын:

*«...Керек қылса жолында оның*
*құрбанбыз,*
*Бәріне де белді бекем буғанбыз.*
*Бір кеудеге екі жүрек симайды,*
*Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз!».*

***

Несіпбек жерленгелі Астананың күні қабағын ашпай қойды. Кеше аулаға шығып едім, күздің қара суығынан жаз бойы биікте қалықтап тұрған жап-жасыл жапырақтар бір түнде сары алтындай сарғайып, жаз бойы тұрған биігімен қоштасып, топырлап жерге түсіп, ауланы кезген тентек жел екпінінен тыныш таба алмай шыр айналып ұшып жүр екен. Бұл жапырақтардың да заманы өткенін түсіндім. Тура бір адамның тағдыры. Несіпбек айтқан тағдыр. Несіпбектің өз тағдыры...

*«Айналды бір суық жел жан қоймасқа,*
*Шама жоқ жапырақтай сарғаймасқа»* деп жазып еді-ау жүйрік ақын.

Ауладағы сарғайған жер-әлемді суретке түсіріп тұрып, Несіпбек жазған «Дариға-дәурен» ойға оралды:

«...Жаз көшіп, омырауын алтындаған» деген еді зергер ақын. Ойпырмай, бұдан артық осы сәтті қалайша дәл, қалайша бояуын қанық, қалайша күрсініспен айтуға болады?! «Омырауын алтындаған...». Ғажап! Бірақ өкінішті!

Алтын күз де бітуге таяу. Сіз бен біздің тұстастардың алтын күзін айтамын. Несіпбектің алтын күзі аяқталып, мәңгілік мұз құрсанған қысы жеткеніне куә боп қайттық емес пе сол күні...

«Жаз көшіп, омырауын алтындаған...».

«Дариға-дәурен» әркімнің дариға жыры боп әнге айналды. Сезімтал сазгер Тұрсынжан Шапай шығарды әнін. Ғажап бір мұңды дауыс Рамазан Стамғазиев айтты мыңның көз жасын тамшылата отырып тыңдаған бұл әнді. Түпсіз терең әнге бесік болған жырды Несіпбек туғызды. Үш биік үшбу әнді алтын тұғырға қондырып кетті:

*«Аққулар әуелейді қалықтаған,*
*Қайтейін, қанатым жоқ*
*қалып барам.*
*Жүрегім құс боп ұшып кетті-ау бірге,*
*Жылатып жалғыз қалай алып қалам».*
*Дариға-дәурен!*

Бұдан әрі үзілмей гигигайлаған, емірене сұңқылдаған сиқырлы дауыс әркімнің-ақ дариға-дәуренін көз алдынан мың қайтара өткізіп барып сабасына түседі де, ақынға тағы кезек береді:

*Жаз көшіп, омырауын алтындаған,*
*Айдын көл мұңаяды салқындаған.*
*Басынан Төлегендей ғашықтардың,*
*Айналып, алты қаздай қаңқылдаған,*
*Дариға-дәурен!*
*...Тағы да сол мұң, тағы да сол арман,*
*тағы да сол сезім селі...*
*...Айналып, алты қаздай қона*
*алмаған!*

*«Дариға-дәурен!»* деп бітеді ән-ғұмыр. Несіпбектің ғұмыры. Ән тыңдаған мың-миллиондар дуылдатып қол соғады. Несіпбектің ғұмыры қайта жалғасады. Оның «Дариға-дәурені» өзінікі болудан арылып, иісі қазақтың ортақ әніне, ортақ ғұмырына, ортақ тағдырына айналады! Ой, шіркін-ай, Несіпбектің «Дариға-дәуренінің» қанық бояуы бүгін көрсеткен ғаламат суреті – «омырауын алтындаған» күзі де көшіп барады...

Қалғанымызды қарлы қысқа майға қасық салғандай ғана күткізіп, жаңылдырмай жасыл жейдесін жамылған көктеміңе жеткізе гөр, Жаратқан!

**Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ,**
**журналист-жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

# САҒЫНЫШТЫҢ БҰЛ КҮНДЕ ЗАРЫ ӨТЕДІ...

2021 жылдың 22 тамыз күні досым Қабиден Қуанышбайұлына Несіпбек ағамен таныстыруын өтіндім. «Жаңа жазылған әнім бар еді, Несағадан басқа ақынға сөз жаздырғым келіп тұрған жоқ. Аға бір рет тыңдап көрсе, мүмкін жазар, мүмкін жазбас» дедім. Досым өтінішімді екі етпей, әуенді тыңдатқан екен. «Өй, мынауың тәп-тәуір дүние ғой. Ол өзі қайда, келсін маған» депті баладай аңқылдақ Несағам.

Арада бірер апта өткен соң Несіпбек аға мені шақыртты. Кабинетінде отыр екен. Кездесіп, жөн сұрастырдық. Баласынбай жылы қабақ танытып, әзілқалжыңымен қарсы алды. «Бала, әнің тәп-тәуір. Домбыраны ал қолыңа, темірді қызуында соқ деген, бір-екі қайырымын көрейік, кәне» деді жарқылдап. Әуенін бірнеше рет қайталап айтып берген соң, алдында тұрған «Дариға-дәурен» деген көк тысты кітабын қолына алып, «Сағыныш» деген өлеңді ұстатты қолыма. «Мынаған салып айтып көрші» деді. Айтып едім, буыны келмей тұрды. Содан өлеңді бірнеше қайтара оқып, әуенін қайталай бер деді.

*«Жеткізбей алыс қалған тау етегі,*
*Бұл күнде сағыныштың зары өтеді,*
*Секілді жайлаудағы жаздың бұлты,*
*Ойласам көздің жасы сау етеді»* деген өлеңнің буынын ауыстырып жіберді. Өлең әп-сәтте жап-жаңа жыр сияқты жарқ ете қалды. «Ал, енді айт, бала» деді Несаға.

*«Алыс қалған жеткізбей тау етегі,*
*Сағыныштың бұл күнде зары өтеді.*
*Жаздың бұлты секілді жайлаудағы,*
*Көздің жасы ойласам сау етеді,*
*Жаным неге жабырқап егілмесін,*
*Түсімдесің, бауырлар, өңімдесің.*
*Қайтаратын, қайтейін, амалым жоқ,*
*Белден асқан бұлдырап өмір көшін.*
*Жүрегімнің көрдің бе ауырғанын,*
*Қанатымды қаға алмай ауырладым,*
*Бір топ құстай дүр етіп кеткен ұшып,*
*Ғайып болдың қай жаққа, бауырларым?!»* деп айтып көріп едім, Несіпбек ағам: «Міне, бала, әуенін тапқан өлең болды бұл. Тыңдашы, бала» деп Қабиденге де бұрылып қойды. Досымның екі көзі пора-пора жас, жылап отыр екен. Шамасы туған жерінде қалған дос-бауырларын сағынып отырған болуы керек!

Әбден шимайланған ақ парақты хатшы қызына бергізіп, тергізіп алып келдім. «Сөзі – Несіпбек Айтұлы, әні – Қайнар Қатпай» деп тұр еді, Несіпбек ағам аз ойланды да:

– Қатпай деген әкең бе? – деді.

– Атам – дедім ақырын ғана.

– Байдың баласымын де... – деп күлді Несаға.

– Арғы атам ғой.

– Әй, бала, атаң бай немесе байдың баласы болған, мен білсем, – деді қулана.

– Оны қайдан білдіңіз?

– Аты айтып тұр ғой Қатбай деп.

– Қатбай?..

– Иә. Атаңның аты Қатпай емес, Қатбай ғой, бала, – деді Несаға қарқылдап.

Міне, содан бері осы күнге дейін Қатпай деп жазып жүрген мен бір күнде Қайнар Қатбай деп жаза бастадым. Шынымен, аңғармайтын ұсақ дүниеміз көп екен. Ұлы адамдар ұсақты да бірден байқайды екен-ау дедім.

Әннің сөзі де, өзі де дайын болды. Енді кімге береміз деп бірер күн ойланып, Несіпбек ағамен ақылдаса жүрдім. Атақты әнші Рамазан Стамғазиев ағама хабарласып, телефонына әнді жібердім. Рамазан аға: «Мынау бір жақсы ән болайын деп тұр, інім. Тек бір шумақ жетпей тұр екен. Қазір өзім Несағама хабарласайын» деді. Кешке қарай Несіпбек ағам телефон шалып, «тыңда, бала» деді.

*«Кең дүние сыйлаған тар ғұмырда,*
*Бауырларым, қымбатсың барлығың да.*
*Сағынышым сарғайған хаттай болып,*
*Көңілімнің жатады сандығында»* деген соңғы шумағын оқып берді. Тақырыбы «Бауырларым» болсын деді. «Жан-жаққа шашырап кеткен қазақ бауырларым көп қой. Елге жете алмай жатқаны қаншама. Әнің жаман емес, өлеңі өріліп тамаша түсті, айналайын» деп баладай мәз болды ағам.

Рамазан ағама хабарласып, соңғы шумағы туралы тағы да сөйлестік. «Қайнартай, әнің ұнады. Осы әнді кешіктірмей шығарайық, Несағам көңілімдегі сөзді айтты ғой» деді қапияда өз бауырынан көз жазып қалғанын айтып. Атақты Несіпбек ақынмен алғашқы шығармашылық жұмысым осылай бастау алған еді. Әннің өлеңін Несағам жазуы, әнді Рамазан ағаның айтуы менің бұл өмірдегі ең бақытты сәтім шығар.

Арада біршама уақыт өткен кезде Несіпбек аға маған хабарласып, «ертең түске қарай маған келіп кетші, бір өлең бар еді. Соған ән жазып көр» деді. Ертесі ағамның айтқан уақытында жетіп бардым. Ақ парақта «Ахау, заманым» деген тақырыппен үш шумақ өлең жатыр. «Бала, міне, оқып көр» деп алдыма тастады.

Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ, ойсанам түгел осы үш шумақ өлең. Қандай әуен түсер екен деп көңіл де алаң. Арада бір апта өткен соң, бір күні түннің жарымында қолыма гитарамды алып, өлеңді қайта-қайта ыңылдап оқи бердім. Құдайдың құдіретімен бір әуен төгіліп түсе қалды. Әуенді бірден жазып ала қойдым да, ертесі Несіпбек ағаға келіп гитараммен айтып бердім. Ағам бір емес, бірнеше рет қайта-қайта айтқыза берді, тыңдаудан жалықпады.

Бұл әнімізді көрнекті әнші Мақпал Жүнісова Астанадағы шығармашылық кешінде орындады. Осы екі ән де Қазақ радиосының алтын қорына енді. Осы шабытпен үшінші әнімізді де жазып тастадық. Әлемге танымал әнші Сүндет Байғожин «Атамекен» деген әнімізді алдағы уақытта орындап, жарыққа шығаруға дайындалып жатыр.

Былтыр қыркүйек айы еді. Аға ауырып жүрген болатын. Үнемі қан қысымы көтеріліп, қанты да мазасын алып жүрді. Хабарласып, хал-жайын біліп тұрдым. Бір күні хабарласқанымда «Үй жаққа келіп кетші, қарғам» деді жай ғана. Ертесі түске таяу барып, күн ұзақ қасында отырдым. Астананың маңында Қараөткел ауылында, жер үйінде демалып жатыр екен. Өлең жазып отырған отырысы тым ерекше. Маған тым мұңды сезілді. Өлеңді бірнеше қайтара оқып берді. Өңдеді, кей жолдарды өзгертті. Тіпті бір шумақты түгелдей алып тастап, жаңаша оймен қайта жазды. Қас қарайып, кеш бата бастағанда «Жылайды жапырақ» деген өлеңді қолыма ұстатты. Бүгінде ойласам, сол кезде ағаның жаны жай таппай, тіпті өмірден өтерін де сезгендей сезіледі.

